

Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 16 қарашадағы № 767 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) бекітілсін.

2. Орталық, жергілікті атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар (келісім бойынша) және өзге де ұйымдар (келісім бойынша) Бағдарламаны іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Жауапты орталық, жергілікті атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар (келісім бойынша) және өзге де ұйымдар (келісім бойынша) "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысына сәйкес Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес ақпарат берсін.

4. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2018 жылғы 16 қарашадағы
№ 767 қаулысымен
бекітілген

Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы 1. Мемлекеттік бағдарламаның паспорты

Бағдарламаның атауы	Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы
	Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары; Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 21 шілдедегі № 118 Жарлығымен бекітілген Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың 2020 жылға дейінгі болжамды схемасы; Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы "Қазақстан – 2050" стратегиясы;

Әзірлеуге негіздеме	қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" атты Қазақстан халқына Жолдауы; Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 9 ақпандағы № 633 Жарлығымен бекітілген Мемлекет басшысының 2018 жылғы 10 қаңтардағы "Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 32-тармағы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 30 желтоқсандағы № 1434 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасының негізгі ережелері									
Бағдарламаны әзірлеуші	Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі									
Бағдарламаны іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар	Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі, Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша), облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері, "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ (келісім бойынша), "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша), "ТКШ ҚазОрталық" АҚ (келісім бойынша), "Қазгеология" ҰК" АҚ (келісім бойынша)									
Бағдарламаның мақсаты	Басқарылатын урбандалу арқылы өңірлердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және халықтың тұрмыс сапасын жақсарту									
Бағдарламаның міндеттері	<ol style="list-style-type: none"> "Бірінші деңгейдегі" қалаларда (Астана, Алматы, Шымкент және Ақтөбе агломерациялары) орталықтары бар функционалдық қалалық аудандарды дамыту "Екінші деңгейдегі" қалаларда (облыс орталықтары, Семей қаласы) орталықтары бар функционалдық қалалық аудандарды дамыту Функционалдық қалалық аудандардың құрамына кірмейтін моно және шағын қалаларды дамыту Функционалдық қалалық аудандардың құрамына кірмейтін ауылдық елді мекендерді (шекара маңындағы елді мекендерді қоса алғанда) дамыту Халықты сапалы ауызсумен және су бұрудың көрсетілетін қызметтерімен ұтымды қамтамасыз ету Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту 									
Іске асыру мерзімдері	2015 – 2019 жылдар									
	Нысаналы индикаторлар					2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл
	1. Облыстар бөлінісінде урбандалу деңгейі*, %									
	Республика бойынша орташа					56,9	57,3	57,4	57,7	58,0
	Ақмола облысы (Астана қ. ескере отырып)					75,6	76,6	77,9	78,9	79,8
	Ақтөбе облысы					62,3	62,7	63,6	64,2	64,8
	Алматы облысы (Алматы қ. ескере отырып)					59,3	59,6	59,3	59,7	60,0
	Атырау облысы					47,4	47,9	47,8	47,9	48,0
	Шығыс Қазақстан облысы					59,6	60,1	61,1	61,3	61,5
	Жамбыл облысы					40,4	40,3	39,7	39,8	39,9
	Батыс Қазақстан облысы					49,7	50,2	51,5	52,2	53,0
	Қарағанды облысы					79,1	79,3	79,6	79,8	80,1
	Қостанай облысы					52,5	53,1	54,0	54,5	55,0
	Қызылорда облысы					43,4	43,9	44,2	45,0	45,1
	Маңғыстау облысы					43,7	42,9	40,8	41,0	41,3
	Павлодар облысы					70,3	70,5	70,6	70,7	71,2
	Солтүстік Қазақстан облысы					43,1	44,0	44,9	45,4	45,9
	Оңтүстік Қазақстан облысы					44,9	45,1	45,8	-	-

Нысаналы индикаторлар	Түркістан облысы (Шымкент қ. ескере отырып)	-	-	-	46,2	46,5
	2. Өңірлер арасындағы халықтың жан басына шаққандағы ЖӨӨ бойынша даму айырмасы **, есе					
	республика бойынша	3,2	3,2	3,3	3,2	3,2
	3. Халықтың мемлекеттік және әлеуметтік көрсетілетін қызметтер сапасына қанағаттануы % ***, оның ішінде:					
	"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына					
	қалаларда	58,7	-	59,9	60,9	61,9
	ауылдарда	72,3	-	68,9	69,9	70,9
	білім беру саласындағы көрсетілетін қызметтерге, оның ішінде:					
	мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға					
	қалаларда	40,0	-	40,0	41,0	42,3
	ауылдарда	65,0	-	63,6	64,7	65,6
	жалпы орта (орта)					
	қалаларда	45,1	-	42,2	43,3	44,5
	ауылдарда	67,4	-	64,8	65,7	66,8
	техникалық және кәсіптік					
	қалаларда	39,0	-	36,4	36,7	37,4
	ауылдарда	59,1	-	54,4	55,5	56,7
	денсаулық сақтау саласындағы көрсетілетін қызметтерге					
	қалаларда	29,0	-	25,9	27,0	28,0
	ауылдарда	47,1	-	41,2	42,6	43,7
	ауызсу сапасына					
	қалаларда	37,2	-	32,1	33,4	35,6
	ауылдарда	66,6	-	58,7	59,6	61,0
	ауаның тазалығына (онда шығарындылардың, түтіннің, шаңның және кірдің болмауы)					
	қалаларда	30,9	-	27,5	28,4	29,6
	ауылдарда	70,3	-	60,6	61,7	62,6
	Қаржыландыру көздері мен көлемдері	Мемлекеттік бағдарламаны қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджет қаражаты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен және шегінде жүзеге асырылатын болады.				
Мемлекеттік бағдарламаны қаржыландыру көлемі:						
млн. теңге						
		2015 жылы	2016 жылы	2017 жылы	2018 жылы	2019 жылы
РБ*		180 755	113 335	69 516	134 491	131903
ЖБ*		16 158	11 751	5 010	49 881	58 476
Бюджеттен тыс қаражат		212 968	523 712	107 750	9 900	13 200
Барлық қаражат	409 881	648 798	182 276	194 272	203579	
* Қаражат көлемі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті қаржы жылдарына арналған республикалық және жергілікті бюджеттердің бекітілуі мен нақтылануына қарай нақтыланады.						

2. Кіріспе

Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі – Мемлекеттік бағдарлама) Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын, Мемлекет басшысының 2018 жылғы 10 қаңтардағы "Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде әзірленді. Мемлекеттік бағдарлама Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 21 шілдедегі № 118 Жарлығымен бекітілген Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың 2020 жылға дейінгі болжамды схемасын (бұдан әрі – Болжамды схема) іске асыру тетіктерінің бірі болып табылады. Болжамды схема өңірлік саясатты іске асырудың құралы болып табылады, оның мақсаты өңірлердің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін тиімді пайдалану негізінде олардың орнықты дамуы үшін жағдай жасау болып табылады.

Бұл ретте елдің өңірлік саясатының базалық идеологиясы экономикалық өсу орталықтарын (ірі қалаларды) басым түрде дамыту және елдің бүкіл аумағында халықтың өмір сүруіне қолайлы орта құру болып табылады.

Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде шешілетін міндеттерді ескере отырып, мынадай терминдер қолданылады.

1) хаб-қалалар – ұлттық және өңірлік өзара іс-қимыл орталықтары: сауда-логистика және көлік, қаржы және кадр орталықтары, ақпарат пен технологиялардың өнім берушілері;

2) агломерация – бір (моноорталықты) немесе бірнеше (көпорталықты) өзек қалалардың айналасына жақын орналасқан, өзара тұрақты өндірістік, мәдени-тұрмыстық және өзге де байланыспен біріккен, сондай-ақ аумақтық бірігу үрдісі бар елді мекендердің урбанизациялық топталуы.

Қазақстандағы агломерацияларды айқындаудың негізгі өлшемшарттары мыналар болып табылады:

орталық қаланың (астана, республикалық маңызы бар қала, облыстық маңызы бар қала) әкімшілік мәртебесі;

өңір халқының тығыз орналасуын, көші-қон ағынын, ресурстық базаны (жер, су, азық-түлік ресурстарын) қамтитын демографиялық сыйымдылық;

ыңғайлы географиялық орналасуын, халықаралық көлік дәліздерінің өтуін, көлік торабы мен инфрақұрылымның болуын білдіретін логистикалық әлеует;

экономикалық әлеует, яғни орталық қаланың дамуы (өнеркәсіптік, сервистік, еңбек, қаржы, ғылыми әлеует);

3) функционалдық қалалық аудан (бұдан әрі – ФҚА) – бұл өңірлік деңгейдегі агломерациялық құрылымдардың аналогы. Бұл ретте ФҚА:

а) кемінде 100 мың адам халқы бар және тығыздығы кемінде 1 ш.м. 1000 адам (бұл ретте басқа ФҚА бөлігі немесе моноқала болып табылмайтын) өзек-қала;

б) өзек-қалаға күнделікті маятниктік көші-қонға қатысатын халқының кемінде 15%-ы еңбекке жарамды айналадағы елді мекендер.

4) моноқала – бұл өнеркәсіп өндірісінің және еңбекке жарамды халықтың басым бөлігі (20 % және одан астамы), әдетте, бір бейіндегі және шикізаттық бағыттағы (мономамандану) бір немесе бірнеше (көп емес) қала түзуші, бұл ретте қалада болып жатқан барлық экономикалық және әлеуметтік процестерді айқындайтын кәсіпорындарда шоғырланған қала.

Моноқалалар санатына халқының саны 10 мыңнан 200 мың адамға дейінгі, мына өлшемшарттардың бірімен сипатталатын қалалар жатқызылған:

қаланың қала түзуші кәсіпорындарының өнеркәсіптік өндірісінің, негізінен, өңдеу секторының көлемі жалпы қалалық өндіріс көлемінің 20 %-ынан астамын құрайды (мономамандану);

жұмыспен қамтылған халықтың жалпы санының 20 %-ынан астамы қаланың қала түзуші кәсіпорындарында жұмыс істейді;

қала түзуші кәсіпорындары қазіргі уақытта ішінара жұмыс істейтін немесе қызметін тоқтатып қойған қалалар. Бұл ретте, көбінесе, моноқалаларға қаламен экономикалық тығыз байланыстағы қала маңындағы кенттер мен ауылдық елді мекендер әкімшілік бағынысты болады;

5) шағын қала – халқының саны 50 мың адамға дейінгі қала;

6) тірек ауылдық елді мекен – сол жерде тұратын халықты және іргелес орналасқан аумақтардың тұрғындарын мемлекеттік және әлеуметтік көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз ету үшін инфрақұрылымдар жасалатын абаттандырылған ауылдық елді мекен;

7) шекара маңындағы аумақтар – Мемлекеттік шекарадан 50 километрге дейінгі арақашықтықта орналасқан әкімшілік-аумақтық құрылымдардың және елді мекендердің аумақтары;

8) экономикалық өсу орталықтары – елдің немесе өңірдің экономикасында инновация мен прогресс көздерінің функциясын орындайтын, "ауқым әсерінің" арқасында өндіріс факторларының тартылыс полюстері (шоғырлануы) болып табылатын, сондай-ақ жаңа тауарлар шығаратын және қызметтер көрсететін қарқынды дамып келе жатқан салалардың кәсіпорындары орналасқан нақты елді мекендер.

Осы Мемлекеттік бағдарламада экономикалық өсу орталықтарының қатарына:

ел ауқымында – "бірінші деңгейдегі" қалаларда (Астана, Алматы, Шымкент және Ақтөбе қалаларында орталықтары бар агломерациялар) орталықтары бар функционалдық қалалық аудандар;

өңірлер ауқымында – "екінші деңгейдегі" қалаларда (облыс орталықтары, Семей қаласы) орталықтары бар функционалдық қалалық аудандар;

9) уәкілетті орган – өңірлік даму саласында басшылықты, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы;

10) өңірлік саясат мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия – уәкілетті орган жанындағы консультативтік-кеңесші орган (бұдан әрі – ВАК);

11) "зәкірлік" инвестициялық жоба – Қазақстан экономикасының шикізаттық емес салаларында іске асырылатын және моно немесе шағын қаланың экономикасын әртараптандыруға бағытталған, кемінде 50 тұрақты жұмыс орнын ашу жоспарланған орташа инвестициялық жоба;

12) жаңғырту – техникалық жабдықты, өндірісті, процесті және т.б. жаңартуға бағытталған қазіргі заманғы талаптар мен нормаларға сәйкес конструкцияларды өзгерту.

3. Ағымдағы ахуалды талдау

Қазіргі кезеңде Қазақстанның өңірлік саясаты ұлттық экономиканың маңызды экономикалық өсу орталықтары болып табылатын урбандалу процестерін ынталандыруды және агломерацияларды реттеп дамытуды, экономикалық және демографиялық әлеуеті бар перспективалы елді мекендерді дамытуды және қолдауды қамтитын ұтымды аумақтық ұйымдастыруды қалыптастыруды қамтамасыз етуге арналған.

Қазақстанда урбандалу деңгейі 2017 жылдың соңында 57,4 %-ды құрады (2016 жылы – 57,2 %, 2015 жылы – 56,8 % және 2014 жылы – 56,6 %), бұл Орталық Азия елдері үшін ең жоғары коэффициент болып табылады, бірақ дамыған елдерден артта. Өсіп келе жатқан қалалар, халықтың артып келе жатқан ұтқырлығы мен инновациялық даму және өндірісті цифрландыру дамудың ажырамас серіктері болып табылады. Қазіргі уақытта елдердің бәсекеге қабілеттілігі ірі қалалардың болуымен айқындалады. Қалалар экономикалық өсу мен өркендеу орталықтарына айналуға. Әлемдік ЖІӨ-нің 70 %-ынан астамы ірі қалаларда жасалады. Осыған байланысты қазіргі заманда жеделдетілген урбандалу процесі байқалуда. Адами даму индексі бойынша әлемнің отызға жуық еліндегі урбандалу деңгейі 80 % немесе одан жоғары. ЭЫДҰ елдерінде бұл көрсеткіш орта есеппен 77 %-ды құрайды.

Қазақстандағы урбандалу қарқыны әртүрлі. Мысалы, 1990 жылдан бастап 2001 жылдар аралығында қала халқының үлесі 54,8 %-дан 50,3 %-ға дейін төмендеді және 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 57,4 % деңгейіне жетті. Бұл деректер 26 жыл бойы қала тұрғындарының нақты өсуі (қандай да бір себептермен) тек 2,6 %-ға жуық болғанын айғақтайды. Ал Оңтүстік Кореяда 7 жыл (1980 – 1987), Сауд Арабиясында 8 жыл (1974 – 1982), Малайзияда 12 жыл (1996 – 2008) ішінде урбандалу деңгейі 56 %-дан 70 %-ға дейін жеткен. Дегенмен, соңғы он жыл ішінде қала тұрғындарының озыңқы өсуі байқалады. 2008 жылдан бастап 2017 жыл аралығындағы кезеңде республика халқының жалпы саны 15,1 %-ға өсті, бұл ретте қала халқы – 24,1 %-ға және ауыл халқы – бар болғаны 4,9 %-ға өсті.

Бүкіл әлемдегідей Қазақстандағы урбандалу процестері экономиканың инновациялық дамуына және тұрмыс сапасының жақсаруына ықпал етеді.

Дүниежүзілік банктің деректері бойынша 2015 жылдың қорытындысы бойынша Астана және Алматы қалалары тұрғындарының 45 %-ы, басқа қалалар бойынша – 28 %, ал ауылдық жерлерде – 18 % орта класқа жатады. Басқа әлеуметтік көрсеткіштер бойынша да қалада да, ауылда да жағдай осындай.

Болжамды схема шеңберінде өңірлер ұқсас экономикалық, табиғи және әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары бойынша мынадай төрт макроөңірге топтастырылған болатын – Солтүстік (Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстары), Орталық-Шығыс (Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Павлодар облыстары), Оңтүстік (Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Түркістан облыстары) және Батыс (Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Маңғыстау облыстары). Әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері макроөңірлермен салыстырмалы болғандықтан және айрықша мәртебесіне қарай, Астана және Алматы хаб-қалалары да бөліп көрсетіледі. Экономикалық әлеует, экономиканың құрылымы, әлеуметтік-демографиялық аспектілер, көліктік байланыстылық, макроөңірлер мен олардың құрамына кіретін облыстардың басым даму бағыттары Болжамды схемада толық баяндалған. Жалпы, макроөңірлердің және олардың құрамына кіретін облыстардың біркелкі дамымауы мен қазіргі уақытта қалыптасқан экономикалық мамандануы экономиканың тарихи қалыптасқан нысаны – шикізатты өндіруге немесе оларды бастапқы өңдеуге, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруге байланысты.

Бұл ретте "Нұрлы жол" инфрақұрылымды дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы хаб және шұғыла қағидаттары негізіндегі макроөңірлік дамуға бағытталған.

Аумақтарды (облыстарды, облыстық маңызы бар қалаларды, аудандарды) дамыту бағдарламалары өңірлер мен елді мекендердің экономикалық және әлеуметтік, инфрақұрылымдық, экологиялық салалардағы проблемаларын және макроөңірлердің ерекшеліктерін ескере отырып, басқа да мәселелерді шешуді көздейді.

Сонымен бірге, қазіргі уақытта табысты дамып келе жатқан елдердің практикасы мемлекеттердің экономикалық өсуінің ұзақ мерзімді драйверлері жекелеген салалар немесе облыстар емес, тіпті облыстар тобы (макроөңір) да емес, керісінше жұмыс күшін шоғырландыру, бірінші кезекте ірі қалаларда өмір сүрудің тартымды жағдайларын жасай отырып, талантты жастар мен мамандарды шоғырландыру болып табылатынын айғақтайды.

"Бірінші деңгейдегі" қалалар (агломерациялар) қалалық агломерациялар объективті түрде әлемнің көптеген елдерінде заманауи қоныстандырудың негізгі нысандарына айналуға.

АҚШ-та барлық халықтың 76 %-дан астамы агломерацияларда тұрып жатыр, олардың ең ірісі Нью-Йорк (11,3 мың шаршы км, 23,3 млн. адам) және Лос-Анджелес (5,8 мың шаршы км, 18,6 млн. адам) агломерациялары.

Лондон (11 мың шаршы км, 13,4 млн. адам) және Париж (12 мың шаршы км, 12 млн. адамнан астам) агломерациялары Еуропадағы әлемдік деңгейдегі агломерациялар болып табылады.

Қытайда – Шанхай (7,1 мың шаршы км, 18,6 млн. адам), Бразилияда – Рио-де-Жанейро (4,6 мың шаршы км, 12,1 млн. адам), Аргентинада – Буэнос-Айрес (2,7 мың шаршы км, 14,6 млн. адам), Үндістанда – Колката (1,8 мың шаршы км, 15,6 млн. адам) және басқа да дамушы елдерде урбандалған аумақтар жылдам қарқынмен қалыптасуда.

Дамушы елдерде агломерациялардың дамуы өзіндік ерекшелікке ие. Оларға халық пен экономиканың барлық салаларының кейбір жетекші және аса ірі орталықтарға үдемелі шоғырлану моделі тән. Халықтың ауылдық жерден ірі және аса ірі қала орталықтарына көшуі жоғары қарқынмен жалғасатын болады.

Дүниежүзілік Банктің "Экономикалық географияға жаңа көзқарас" деген 2009 жылғы әлемдік даму туралы баяндамасында "Әлемдегі өндіріс көлемінің жартысы планета аумағының бір жарым пайызына шоғырланған. Мысыр аумағының бар-жоғы 0,5 пайызын иеленетін Үлкен Каир ел ЖІӨ-сінің жартысынан астамын өндіреді ... " деген тұжырым жасалады.

ДЭФ 2016 – 2017 жылдарға арналған жаһандық бәсекеге қабілеттілік жөніндегі баяндамасында елдердің және олардың өңірлерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыратын қалалардың бәсекеге қабілеттілігінің маңыздылығына назар аударылады.

Бұл үрдістерді Қазақстан бойынша да бақылауға болады. Айталық, 2017 жылдың қорытындысы бойынша ел ЖІӨ-сіндегі Астана және Алматы қалалары бойынша жалпы өңірлік өнімнің үлесі тиісінше 11,1 %-ды және 21,8 %-ды (2016 жылы – 11,06 % және 20,2 %, 2015 жылы – 10,5 және 20,3 % және 2014 жылы – 9,5 және 18,6 %) немесе жиынында 32,9 %-ды құрады (халықтың жан басына 5,8-6,4 млн. теңге шегінде), бұл басқа өңірлерден айтарлықтай ерекшеленеді.

Алайда, егер қалалық орталықтардың дамуы "өз бетіне" жіберілсе экономикалық әлеуеті төмен ауылдық жерлер мен шағын қалалардан халықтың бақыланбайтын көші-қон процестері тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылым қуатына шамадан тыс жүктеменің қалыптасуына, шеткері қала қоныстарында әлеуметтік-экономикалық маргиналдану аймақтарының туындауына әкеп соғуы мүмкін.

Мұндай үрдістер Латын Америкасы, Азия мен Африка елдеріндегі жекелеген қалалық агломерацияларға тән, олар экономикалық артта қалу мен теңсіздікті консервациялауға ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік тұрақсыздыққа да ықпал етеді.

Қазіргі уақытта Қазақстанда Астана, Алматы, Шымкент және Ақтөбе қалаларында орталықтары бар агломерациялар "бірінші деңгейдегі" қалалар болып айқындалды. Қалыптасып келе жатқан қалалық агломерацияларда елдің бүкіл халқының үштен бір бөлігінен астамы шоғырланады.

2017 жылы "бірінші деңгейдегі" қалалар (агломерациялар) тұрғындарының орташа жылдық саны 6 525,6 мың адамды құрады, бұл ел халқының жалпы санының 36,6 %-ын құрайды (2016 жылы – 6 605,9 мың адам, 2015 жылы – 6 088,3 мың адам және 2014 жылы – 5 790,1 мың адам). Бұл ретте, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының халық саны Қазақстан жағдайында агломерациялық әсерлер іске асырылатын деңгейден (500 мың адам) асып түсті.

Агломерациялардың проблемаларын шешу үшін 2013 жылдан бастап Үкімет қаулыларымен бекітілген Астана және Алматы агломерацияларын дамыту жөніндегі (2013 жылғы 18 маусымдағы № 611 және 2013 жылғы 6 маусымдағы № 581) іс-шаралардың 2020 жылға дейінгі өңіраралық жоспарлары, 2014 жылдан бастап Астана қаласына іргелес елді мекендерді әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2020 жылға дейінгі кешенді жоспары (2014 жылғы 19 маусымдағы № 681 Үкімет қаулысы) іске асырылуда.

Алматы облысында 2008 жылдан бастап Алматы қаласының "G4 City" 4 серіктес қаласын дамыту бойынша жоба іске асырылуда.

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі № 242 Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасының негізгі ережелерін орындау үшін экономикасы бәсекеге қабілетті және халықтың тұрмыс сапасы жоғары агломерацияларды қалыптастырудың ерекше өзектілігін ескере отырып, Алматы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 24 мамырдағы № 302 қаулысы), Астана (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 8 қарашадағы № 726 қаулысы), Шымкент (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 22 ақпандағы № 74 қаулысы) және Ақтөбе (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 3 наурыздағы № 109 қаулысы) агломерацияларын аумақтық дамытудың өңіраралық схемалары қабылданды.

Өңіраралық схемалар агломерациялар аумақтарын дамыту перспективаларын және олардың инфрақұрылымға деген ұзақ мерзімді қажеттілігін айқындайтын қала құрылысы стратегиясы болып табылады. Өңіраралық схемалардың ережелерін іске асырудың кезектілігі, қаржыландыру көздері және көлемі мемлекеттік бағдарламалар мен аумақтарды дамыту бағдарламалары деңгейінде айқындалады.

Агломерацияларды ұзақ мерзімді дамыту 2018 жылғы 5 сәуірдегі Астана қаласын әлеуметтік-экономикалық дамыту мәселелері жөніндегі кеңестегі (2018 жылғы 4 мамырдағы №04-298//18-01-7.2 хаттама) Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша әзірленіп жатқан ірі қалаларды дамытудың 2050 жылға дейінгі стратегиясының шеңберінде де жүзеге асырылатын болады.

Жалпы, қалалардың бәсекеге қабілеттілігі адами капитал деңгейіне, орнықты әлеуметтік-экономикалық даму ортасына, қалалардың жаһандық экономика үшін ашықтығына, агломерацияны дамытуды инклюзивтілік (ашықтық) қағидаттарында

басқаруға байланысты екенін ескеру қажет. Сондай-ақ, агломерацияларды тиімді қалыптастыру үшін инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымды озыңқы дамыту, мегаполистердің шетіндегі тұрғын үйлерді жаңғырту бойынша шаралар қабылдау қажет. Сондай-ақ моно және шағын қалалармен және агломерацияның шеткері аймағында орналасқан басқа да елді мекендермен үйлестіре дамытудың агломерацияларды тиімді қалыптастырудағы маңызы жоғары. Мысалы, Астана қаласының ықпал ету аймағында шағын Ақкөл қаласы, Алматы қаласында – Есік, Қапшағай, Қаскелең, Талғар, Шымкент қаласында – Леңгір; Ақтөбе қаласында – Алға, Хромтау моноқалалары орналасқан. Бұл өзара тығыз байланыс, бірінші кезекте, ірі қалаларға үнемі (күнделікті) маятниктік көші-қон түрінде көрінеді.

Агломерацияларды дамыту мәселелерін шешуді мемлекеттік бағдарламаларды, сол сияқты тиісті аумақтарды дамыту бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру кезінде ескеру қажет. Осыған байланысты осы Мемлекеттік бағдарламаға агломерацияларды қалыптастыру мен дамыту жөніндегі нақты іс-шаралар енгізілген жоқ.

Ірі қалаларда "Цифрлы Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде "Ақылды қала" тұжырымдамасын іске асыру жұмысы басталды. Ол халықтың тұрмыс сапасын жақсарту және оларға қызмет көрсету тиімділігін арттыру мақсатында қала мүлкін басқару үшін ақпараттық және коммуникациялық технологиялар (АКТ) мен Заттар интернетіне (IoT) интеграциялауды білдіреді. АКТ қалалар әкімдіктеріне қоғамдастықтармен және қалалық инфрақұрылыммен тікелей өзара іс-қимыл жасауға және қалада не болып жатқанын қадағалауға мүмкіндік береді. Жалпы, "Ақылды қала" жобасы, негізінен мынадай құрамдауыштардан тұрады: энергиямен жабдықтау және энергия үнемдеу саласындағы шешімдер; су ресурстарын басқару: су жүйелерін жаңғырту, тұтыну мониторингі, экологиялық қауіпсіздік жүйелері; барлық инженерлік және ақпараттық жүйелер бірыңғай басқару жүйесіне интеграцияланған ғимараттар; мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде ақпараттық технологияларды пайдалану.

McKinsey халықаралық консалтингтік компаниясы 2020 жылға қарай-ақ 600 "ақылды" қала пайда болады деп болжайды. Болжам бойынша, олар әлемдік ЖІӨ-нің кемінде үштен екісін өндіреді. Осыған байланысты, бұл маңызды жұмысты агломерация орталықтарында да, сол сияқты басқа ірі және үлкен қалаларда да жалғастыру қажет.

"Екінші деңгейдегі" қалалар

Қазіргі уақытта Қазақстанда "екінші деңгейдегі" қалаларға облыстардың әкімшілік орталықтары болып табылатын облыстық маңызы бар 14 қала (Көкшетау, Талдықорған, Атырау, Орал, Тараз, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Ақтау, Павлодар, Петропавл, Өскемен, Ақтөбе және Түркістан қалалары) жатады. Бұл ретте Ақтөбе облысының орталығы Ақтөбе қаласы Болжамды схема және осы Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде агломерацияның өзек-қаласы ретінде идентификацияланған. Облыстық маңызы бар, облыс орталығы болып табылмайтын Семей де "екінші деңгейдегі" қалаға

жатқызылған. Бұл экономика құрылымына және халық санына қарай Семей қаласының моно немесе шағын қала ретінде идентификацияланбайтынына байланысты. Бұл ретте әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің соңғы жылдардағы серпіні Семей қаласын дамыту бойынша қосымша шаралар қабылдау қажеттігін айғақтайды. Ал облыс орталықтары болып табылатын "екінші деңгейдегі" қалалар қазіргі уақытта облыстардың басқа аумақтарымен (елді мекендерімен) салыстырғанда озыңқы қарқынмен дамуда.

"Екінші деңгейдегі" қалалар (Ақтөбе қаласын қоспағанда) халқының саны 2017 жылғы деректер бойынша 3 920,5 мың адамды құрады, бұл республикадағы жалпы халық санының 21,7 %-ын немесе елдің қала халқы санының 38,0 %-ын құрайды (2016 жылы – 3 880,6 мың адам, 2015 жылы – 3 824,2 мың адам және 2014 жылы – 3 604,1 мың адам). Қаралып отырған кезеңде "екінші деңгейдегі" барлық қалаларда халық санының өсуі байқалады, бұл халықтың табиғи өсуінің оң мәндеріне және халық көші-қонының қалыптасқан оң сальдосына байланысты.

Осы қалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштерін салыстырмалы талдау қалалардың көпшілігі өз өңірлерінде өндірістік, қаржылық және еңбек ресурстарының тартылыс және шоғырлану орталықтары болып табылатынын көрсетті.

1-кесте. "Екінші деңгейдегі" қалалардың (Ақтөбе және Шымкент қалаларын қоспағанда) 2014 – 2017 жылдардағы негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері

Р / с №	Қ а л а л ы қ әкімшіліктің атауы	Халық саны, адам			
		2014	2015	2016	2017
1.	Көкшетау	144,1	155,7	159,4	159,9
2.	Талдықорған	136,7	162,4	165,3	169,0
3.	Атырау	213,8	296,6	308,2	314,2
4.	Өскемен	315,5	331,0	334,4	341,1
5.	Орал	276,2	286,1	292,1	299,8
6.	Тараз	354,1	359,9	362,4	358,8
7.	Қарағанды	488,3	495,2	499,3	501,0
8.	Қостанай	224,2	229,2	233,6	237,5
9.	Қызылорда	246,7	273,3	282,0	290,3
10.	Ақтау	182,0	185,5	185,9	186,1
11.	Павлодар	340,8	357,6	359,5	360,1
12.	Петропавл	208,5	213,4	216,5	218,0
13.	Семей	316,6	319,6	322,2	324,1
14.	Түркістан	156,6	158,7	159,8	160,6

1-кестенің жалғасы

	Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі
--	---

Р/с №	Қалалық әкімшіліктің атауы	2014		2015		2016		2017		1	Көкшетау	26483,0	14
		млн. тг.	облыстық деңгейден үлес, %	млн. тг.	облыстық деңгейден үлес, %	млн. тг.	облыстық деңгейден үлес, %	млн. тг.	облыстық деңгейден үлес, %				
2.	Талдықорған	48768,0	10,8	51699,0	10,5	64043,0	12,1	57610,9	10,9				
3.	Атырау	420745,0	37,2	633796,0	43,1	827626,0	40,6	871987,1	35,5				
4.	Өскемен	94584,3	27,3	82 143,7	19,9	80409,6	18,4	115589,0	26,5				
5.	Орал	57601,6	21,3	56292,4	15,4	51829,6	12,9	67200,6	16,2				
6.	Тараз	48487,0	23,2	43704,0	22,5	56868,0	26,3	64104,0	27,3				
7.	Қарағанды	84540,0	20,5	86391,0	25,2	95299,0	30,0	105639,6	29,4				
8.	Қостанай	56633,0	29,5	38028,0	23,3	39531,0	22,2	50885,0	28,3				
9.	Қызылорда	141668,0	54,0	135104,0	57,0	139761,0	64,7	105321,6	43,6				
10	Ақтау	96744,0	18,2	116222,0	25,3	104123,0	25,7	86722,2	20,0				
11	Павлодар	109527,0	31,0	137942,0	30,5	154498,0	35,1	215615,0	43,7				
12	Петропавл	33175,9	28,5	52 713,0	34,0	56 291,0	33,7	68427,9	36,2				
13	Семей	48860,5	14,1	47 264,1	11,5	46 861,5	10,7	62166,7	14,3				
14	Түркістан	20611,0	4,6	19258,0	4,6	20317,0	5,3	22116,3	4,6				

1-кестенің жалғасы

Р/с №	Қалалық әкімшіліктің атауы	Өнеркәсіп өнімінің көлемі							
		2014		2015		2016		2017	
		млн. тг.	облыстық деңгейден үлес, %	млн. тг.	облыстық деңгейден үлес, %	млн. тг.	облыстық деңгейден үлес, %	млн. тг.	облыстық деңгейден үлес, %
1.	Көкшетау	82158,1	26,3	83694,5	25,0	99581,4	21,9	101831,6	18,7
2.	Талдықорған	49819,4	8,9	39884,0	7,1	54 927,4	8,1	67325,6	9,0
3.	Атырау	149143,0	3,0	178236,0	5,2	239025,0	5,3	558014,0	9,8
4.	Өскемен	698887,7	62,6	634964,2	62,1	978798,0	65,1	977555,0	61,9
5.	Орал	112712,0	5,7	109328,0	7,8	128115,0	7,6	151764,0	7,8
6.	Тараз	184693,1	66,1	185766,6	65,4	207938,9	60,9	229702,0	62,4
7.	Қарағанды	293819,1	20,3	274108,7	19,3	338107,7	17,4	331399,6	14,7
8.	Қостанай	175022,0	32,3	165714,0	36,9	212092,0	35,4	241073,6	35,4
9.	Қызылорда	902266,0	90,6	480895,0	80,1	508938,0	76,1	619966,1	80,2
10	Ақтау	137878,0	5,9	143037,0	9,1	184741,0	9,8	182852,0	7,9
11	Павлодар	447600,0	40,3	441639,0	42,3	587011,0	42,8	671029,2	38,0
12	Петропавл	103921,5	64,5	1 1 1 835,5	67,0	1 3 3 451,1	67,4	155172,7	69,4
13	Семей	133432,0	12,0	127044,5	12,4	161136,2	10,7	167786,0	10,6

14	Түркістан	12552,0	2,1	11 702,0	1,7	13634,0	1,7	14813,7	1,7
----	-----------	---------	-----	----------	-----	---------	-----	---------	-----

1-кестенің жалғасы

Р/с №	Қалалық әкімшіліктің атауы	Бөлшек және көтерме тауар айналымының көлемі							
		2014		2015		2016		2017	
		млн. тг.	облыстық деңгейден үлес, %	млн. тг.	облыстық деңгейден үлес, %	млн. тг.	облыстық деңгейден үлес, %	млн. тг.	облыстық деңгейден үлес, %
1.	Көкшетау	268950,7	55,3	301402,9	60,1	367806,4	59,0	319862,9	57,5
2.	Талдықорған	85578,0	12,8	120059,3	18,4	181315,6	23,1	159161,2	18,8
3.	Атырау	400387,3	92,8	404332,5	90,4	564202,9	92,7	937343,0	95,3
4.	Өскемен	694805,6	60,4	690524,5	61,6	712800,7	58,9	840198,5	59,6
5.	Орал	367640,7	83,4	358507,5	83,9	454728,3	82,8	497922,5	82,9
6.	Тараз	284910,4	80,0	290969,3	80,1	358434,9	77,8	339168,4	79,4
7.	Қарағанды	1037581,8	78,5	1038412,4	76,7	1290083,4	78,8	1276964,0	78,4
8.	Қостанай	465213,9	72,6	486328,4	74,1	558061,8	72,0	588481,2	75,4
9.	Қызылорда	253932,8	81,9	253488,9	81,6	286010,7	81,5	338127,9	87,2
10	Ақтау	247243,1	86,3	265314,5	88,1	354137,6	87,0	328553,1	89,3
11	Павлодар	757519,4	86,2	644868,8	84,1	532684,5	73,9	563274,4	72,8
12	Петропавл	338712,7	74,5	298818,2	74,6	340124,3	75,8	403203,8	78,4
13	Семей	287682,1	25,0	260321,9	23,2	305219,9	25,2	372181,9	26,4
14	Түркістан	28372,2	2,9	29968,5	3,5	34011,7	3,3	37242,6	3,5

1-кестенің жалғасы

Р/с №	Қалалық әкімшіліктің атауы	Жұмыспен қамтылған барлық тұрғындардан өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұрғындардың үлесі (2017 жыл), %	
		қала бойынша	облыс бойынша
1.	Көкшетау	22,0	34,2
2.	Талдықорған	21,4	27,0
3.	Атырау	9,2	10,1
4.	Өскемен	12,0	29,6
5.	Орал	16,6	36,9
6.	Тараз	24,3	38,5
7.	Қарағанды	10,7	8,6
8.	Қостанай	23,3	25,4
9.	Қызылорда	9,3	35,2
10.	Ақтау	5,0	5,6
11.	Павлодар	10,2	16,4
12.	Петропавл	21,2	35,6

13.	Семей	30,9	29,6
14.	Түркістан	47,8	42,5

"Екінші деңгейдегі" қалаларда өнеркәсіптік өндірістің көлемі 2017 жылы 4,5 трлн. теңгені құрады (2016 жылы – 2,5 трлн. теңге, 2015 жылы – 2,9 трлн. теңге және 2014 жылы – 3,5 трлн. теңге), бұл өнеркәсіптік өндірістің жалпы республикалық көлемінің шамамен 19,7 %-ын құрайды.

2013 – 2017 жылдары "екінші деңгейдегі" қалалардағы өнеркәсіптік өндірістің жалпы көлемі 21,3 %-ға ұлғайды. "Екінші деңгейдегі" қалаларда – облыс орталықтарында өңдеу өнеркәсібінің салалары дамыған. Айталық, осы қалалардың өнеркәсіптік өндірісінің құрылымын талдау өңдеу өнеркәсібінің жалпы өнеркәсіптік өндіріс көлеміндегі үлесі орта есеппен 58,9 %-ды құрайтынын көрсетті.

Жалпы, Астана мен Алматы қалаларын қоспағанда, еліміздің басқа қалалық елді мекендерімен салыстырғанда облыс орталықтарының әлеуметтік-экономикалық даму қарқыны жоғары. Мұны негізгі капиталға, оның ішінде өңдеу өнеркәсібіне салынған инвестициялар көлемі, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің өнім шығару, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерінің көлемі, халықтың тұрмыс деңгейінің көрсеткіштері сияқты деректер де айғақтайды. Мысалы, республиканың облыстары бойынша негізгі капиталға инвестициялардың орта есеппен 25 %-ы "екінші деңгейдегі" қалаларға тиесілі. Өңдеу өнеркәсібіндегі негізгі капиталға инвестициялар көлемінің – 39,3 %, бөлшек және көтерме тауар айналымы көлемінің – 24,3 % үлестері осыған ұқсас. Бұл ретте облыс орталықтары бойынша орташа жалақы облыстармен салыстырғанда жоғары.

Дегенмен, қалаларда шешілуі тиіс проблемалар бар. Бұл тиімсіз қоғамдық көлік, көлік кептелістері мен әуе кеңістігінің ластануы, инженерлік желілердің тозуының жоғары және көрсетілетін коммуналдық қызметтер сапасының төмен болуы, сонымен бірге мемлекеттік бюджеттен басқа инженерлік инфрақұрылымды жаңғыртуға арналған қаржы құралдарының болмауы, тұрғын үй құрылысының жеткіліксіздігі және заңды жалдауға арналған тұрғын үй нарығының болмауы. Айталық муниципалдық (коммуналдық) тұрғын үй қоры Қазақстан қалаларында орта есеппен шамамен 3 %-ды құрайды, ал 97 % жекеменшік тұрғын үйге тиесілі. Еуропаның дамыған елдерімен, әсіресе Скандинавиямен салыстырғанда, республикада жалдамалы тұрғын үй нарығы қалыптаспаған (қазіргі уақытта бағалары жоғары "көлеңкелі" экономиканың бір бөлігі). Бұл ретте, жеке құрылыс салудың, әсіресе қалалардың шеткері жағында басым болып, халқы аз (жинақы емес) тұрғын аудандардың қалыптасуы тұрғын үй құрылысына тән бір ерекшелік болып табылады. Бұдан басқа, көбінесе, бұл аудандар коммуналдық инфрақұрылыммен, бірінші кезекте кәріз жүйесімен толық қамтамасыз етілмеген. Елді мекендерде өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтарды кәдеге жарату жүйесі жолға қойылмаған. Мұның бәрі жұмыс күшінің еркін қозғалысын, демалыс үшін сапалы қалалық орта құруды және басқа да процестерді тежейді.

Бұл ретте, Дүниежүзілік банк пен Азия банкінің деректері бойынша қазіргі уақытта республика қалаларының коммуналдық инфрақұрылымы объектілерінің орта есеппен 75 %-ға дейінгісі ауыстыруды немесе жаңғыртуды қажет етеді. Мысалы, аудандық жылу желілерінің 80 %-ға дейін ескіруі жылу энергиясының қомақты шығындарының себебі болып табылады. Алайда, облыс орталықтарындағы көрсетілген инженерлік инфрақұрылымның тозуы республиканың моно және шағын қалаларынан айтарлықтай төмен екенін атап өту қажет.

Жалпы, ЭЫДҰ елдерінің практикасы ірі және үлкен қалалардың дамуы функционалдық қалалық аудандар (бұдан әрі – ФҚА) түрінде дамыған жағдайда тиімді екенін көрсетеді.

"Үшінші деңгейдегі" қалалар (моно және шағын қалалар)

Қазіргі уақытта Қазақстанда 41 шағын қала бар, 2017 жылдың қорытындысы бойынша олардағы халық санының орташа жылдық көрсеткіші 896,9 мың адамды құрады (2016 жылы – 918,1 мың адам, 2015 жылы – 927,7 мың адам, 2014 жылы – 917,1 мың адам). Бұл ретте 33 шағын қала тиісті ауылдық аудандардың әкімшілік орталықтары болып табылады, 8 шағын қала ауылдық аудандардың орталықтары болып табылмайды. Географиялық орналасуы бойынша қалалардың мынадай типтерін бөліп көрсетуге болады:

1) функционалдық қалалық аудандардың ықпал ету аймағында – Ақкөл, Алға, Есік, Қапшағай, Қаскелең, Талғар, Щучинск, Сарыағаш, Леңгір;

2) функционалдық қалалық аудандардан алшақ шағын қалалар – Атбасар, Державинск, Ерейментау, Есіл, Макинск, Степняк, Қандыағаш, Шалқар, Жем, Темір, Ембі, Жаркент, Сарқанд, Үшарал, Үштөбе, Аягөз, Зайсан, Шар, Шемонаиха, Шу, Приозерск, Қарқаралы, Арал, Қазалы, Булаево, Мамлютка, Тайынша, Сергеевка, Арыс, Шардара, Жетісай, Форт-Шевченко;

3) республикалық және халықаралық маңызы бар автомобиль және теміржол магистральдарының бойында – Ақкөл, Атбасар, Ерейментау, Есіл, Макинск, Щучинск, Алға, Қандыағаш, Шалқар, Жаркент, Қапшағай, Қаскелең, Сарқанд, Аягөз, Шу, Приозерск, Арал, Ембі, Үшарал, Үштөбе, Зайсан, Шар, Шемонаиха, Арыс, Сарыағаш, Булаево, Мамлютка, Тайынша;

4) шекара маңындағы аумақтарда – Жаркент, Зайсан, Сарыағаш, Шардара, Шемонаиха, Мамлютка, Булаево, Жетісай.

Моноқалалардың тізбесіне 27 қала кіреді, олардағы халық саны 2017 жылғы деректер бойынша 1 447,5 млн. адамды немесе елдегі қала халқының 8,0 %-ын құрады (2016 жылы – 1 592 мың адам, 2015 жылы – 1 590 мың адам, 2014 жылы – 1 571,6 мың адам), оның ішінде 16 моноқала тиісті аудандардың әкімшілік орталығы болып табылады. Моноқалаларда Қазақстанның өнеркәсіптік әлеуетінің басым бөлігі шоғырланған.

Моноқалалар бірқатар белгілері бойынша да өзгешеленеді. Мысалы, орташа және үлкен қалалар – халық саны 50 мың адам және одан көп – Балқаш, Теміртау, Жезқазған, Сәтбаев, Екібастұз, Шахтинск, Риддер, Жаңаөзен, Степногорск, Құлсары сияқты моноқалалар бар.

Бірқатар моноқалалар ірі және үлкен қалалармен тығыз экономикалық байланыста. Бұл ретте, осы байланыс, ең алдымен ФҚА орталықтары – Хромтау, Текелі, Саран, Теміртау, Абай, Рудный, Шахтинск, Ақсу, Кентау қалаларына үнемі (күнделікті) маятниктік еңбек көші-қонын қамтиды.

Сонымен бірге, функционалдық қалалық аудандардан – ірі және үлкен қалалардың орталықтарынан алшақ орналасқан моноқалалар бар. Бұл – Балқаш, Шахтинск, Риддер, Степногорск, Құлсары, Ақсай, Сәтпаев, Жезқазған, Жаңаөзен, Екібастұз, Зырян, Курчатов, Серебрянск, Жаңатас, Қаратау, Ақсай, Қаражал, Арқалық, Жітіқара, Лисаков моноқалалары.

Елдің 27 моноқаласының ішінен халықаралық маңызы бар автомобиль жолдарының бойында 5 қала (Балқаш, Теміртау, Жаңаөзен, Құлсары, Хромтау), республикалық маңызы бар 10 қала (Рудный, Ақсу, Арқалық, Абай, Жітіқара, Риддер, Курчатов, Кентау, Жезқазған, Қаражал) орналасқан.

Жалпы, жоғарыда айтылғандай, көптеген моно және шағын қалалардың басым бөлігінде халық саны азайып келеді. Бұл ірі және үлкен қалалармен салыстырғанда, тұрмыс жағдайы мен сапасының анағұрлым төмен болуына байланысты. Айталық, 2017 жылдың қорытындысы бойынша моно және шағын қалалардағы орташа айлық жалақы 112549 теңгені құрады (2016 жылы – 106 182 теңге, 2015 жылы – 93 951 теңге және 2014 жылы – 89 973 теңге), оның ішінде шағын қалалар бойынша – 98 494 теңге (2016 жылы – 92 686 теңге, 2015 жылы – 81 307 теңге және 2014 жылы – 78 612 теңге), моноқалалар бойынша – 134 549 теңге (2016 жылы – 126 719 теңге, 2015 жылы – 113 741 теңге және 2014 жылы – 107 756 теңге), ал орташа республикалық көрсеткіш – 149 663 теңге.

Елдің шағын және моноқалаларының көпшілігінде, негізінен бұрынғы қала түзуші кәсіпорындардың немесе үстем саланың жай-күйіне байланысты проблемалар кешені орын алды. Сонымен бірге республиканың қала түзуші кәсіпорындарының дамуы оларға көрсетілген мемлекеттік қолдаудың, атап айтқанда, өндірістерді дүркін-дүркін тікелей немесе жанама субсидиялау айтарлықтай экономикалық әсер бермейтінін көрсетеді. Бұл ретте, ЭЫДҰ жариялаған "Қазақстанның қалалық саясатына шолу" басылымында айтылғандай, моноқалалардағы кәсіпорындарға берілетін субсидиялар мен мемлекеттік қолдаудың кез келген басқа нысаны тек қана уақытша сипатта болуға және жаңа, өзін-өзі ақтайтын, пайдалы, экономикалық перспективасы жақсы моноқалаларды әртараптандыруға ықпал ететін өндірістерге бағдарлануға тиіс. Бұл бірінші кезекте "зәкірлі" инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде ескерілуге тиіс. Негізгі күш-жігер кәсіпкерлікті ынталандыруға – қайта даярлау курстарына,

бизнес-инкубаторларды ұйымдастыруға, сондай-ақ "Бизнестің жол картасы – 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасының қаржы құралдарына бағытталған қалаларда айтарлықтай прогресс байқалады.

Жалпы, моноқалалардың экономикасын қайта құрылымдау кезінде қолда бар резервтер мен артықшылықтарды (туристік рекреациялық әлеует және басқалар) пайдалану қажет.

Инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымның қанағаттанғысыз жағдайы моно және шағын қалалардың проблемаларының бірі болып табылады. Су құбыры, кәріз, жылу және электр желілерінің барынша тозуы қомақты қаржы салымын талап етеді. Айталық, 11 моноқалада электр және жылу желілерінің тозуы 70 %-80 %-ға жетеді.

Өңірлік саясатты іске асыру шеңберінде осы қалалардың мамандануын, сондай-ақ халық санын көрсете отырып (осы Мемлекеттік бағдарламаға 2-қосымшаға сәйкес), шағын және моноқалаларды экономикалық әлеуеті жоғары, орташа және төмен қалаларға топтастыру жүргізіледі.

Ауылдық аумақтар

Әлеуметтік-экономикалық даму мониторингінің қорытындылары бойынша 2017 жылы 6 561 ауылдық елді мекен (бұдан әрі – АЕМ) (2016 жылы – 6 660, 2015 жылы – 6 672, 2014 жылы – 6 699) есептелді, оларда 7,7 млн. адам тұрады. АЕМ-нің жалпы санының 1 309-ының даму әлеуеті жоғары, 4 775 – орташа, ал 477 – төмен. 3509 АЕМ-де халық саны аз (500 адам және одан аз) және оларда ауыл халқының небәрі 8,9 %-ы тұрады. Бұл ретте әрқайсысында 5 мың және одан да көп адам тұратын 278 ауыл бар.

123 АЕМ аудан орталығы болып табылады, 314 АЕМ тірек ауылдық мекен болып айқындалған.

Қолданыстағы мемлекеттік нормативтерге сәйкес ауылдық елді мекендер білім беру және денсаулық сақтау объектілерімен жалпы қамтамасыз етілген. Айталық, 2016 жылдың қорытындысы бойынша ауылдардың 73 %-ында білім беру объектілері бар (2015 жылы – 74 %, 2014 жылы – 74 %) және ауылдардың 80 %-ы денсаулық сақтау объектілерімен қамтамасыз етілген (2015 жылы – 81 %, 2014 жылы – 81 %). Соңғы үш жылда (2014 жылдан бастап 2016 жылды қоса алғанда) ауылдық елді мекендердің электрмен және телефон байланысымен қамтамасыз етілуі 98 %-ды құрады. Орталықтандырылған газбен жабдықтаумен қамтамасыз етілген АЕМ саны ауылдардың жалпы санының 17 %-ын құрайды (2015 жылы – 16 %, 2014 жылы – 15 %).

Орталықтандырылған сумен жабдықтауға ауыл халқының 80,7 %-ы (2015 жылы – 79 %, 2014 жылы – 78 %) қол жеткізген, ал жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының 25 %-ы күрделі жөндеуді талап етеді (2015 жылы – 27 %, 2014 жылы – 25 %).

Ауылдық аумақтарды дамыту мәселелерін әртүрлі бағдарламалық құжаттар шеңберінде шешу көзделген, алайда елді дамытудың тиісті экономикалық моделіне

сәйкес келмейтін ауыл халқының шамадан тыс артық саны межеленген нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік бермейді.

Тірек ауылдарды дамыту үшін Беларусь Республикасының ауылдық аумақтарын дамыту тәжірибесі зерделенді.

Беларусь Республикасында Ауылды жаңарту мен дамытудың 2005 – 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы іске асырылды, ол ауылды басым әлеуметтік-экономикалық дамыту және агроөнеркәсіптік кешен жұмысының тиімділігін арттыру үшін жағдай жасауға бағытталған.

Бұл Мемлекеттік бағдарламаның негізгі мақсаттары мен міндеттері:

1) Беларусь ауылдарының әлеуметтік және өндірістік салаларын жаңарту және дамыту, ауыл шаруашылығы өндірісін орнықты жүргізу үшін жағдайларды қамтамасыз ету;

2) ауыл халқының кірісін арттыру, ауылдық жерлерде тұрудың қадірі мен ауылдағы демографиялық ахуалды жақсарту үшін негіздер құру;

3) ауыл шаруашылығы өнімі мен азық-түлікті ішкі нарық пен экспорттық ресурстарды қалыптастыру үшін жеткілікті көлемде тиімді өндіруді қамтамасыз ету болды.

Қалаларды – агломерациялар орталықтарын және оларға іргелес облыстарды дамыту бағдарламаларында әсер ету аймағындағы елді мекендерден халықтың агломерация орталығына еңбек ұтқырлығын арттыру (көліктік байланысты жақсарту) үшін мультимодальды көлік инфрақұрылымын қалыптастыру, экспорттық бағдары бар бәсекеге қабілетті экономика мен өнімділік күштерін дамыту, заманауи өндірістер мен көрсетілетін қызметтер саласын дамыту арқылы экономикалық тығыздықты арттыру бойынша қосымша шаралар көзделеді. Агломерациялар үшін туристік-рекреациялық инфрақұрылымды, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамытуды, экологиялық проблемаларды шешуді, ішкі көші-қон ағындарын тиімді реттеуді көздеу қажет. "Цифрлы Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде "Smartcity" жобасын іске асыру бойынша шаралар қабылданатын болады. Бұдан басқа, халықтың табиғи және техногендік жағымсыз факторлардан қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылданады. Қалалар мен оларға іргелес облыстардың әкімдіктері агломерацияларды дамытуды және агломерация аймағына кіретін әкімшілік-аумақтық бірліктердің үйлесімді өзара іс-қимылын бірлесіп және тиімді басқару, өндірістік қуаттарды және көлік инфрақұрылымын орналастыру, оларды ұтымды пайдалану және басқалар бойынша шараларды әзірлеп, қабылдайтын болады.

Жалпы агломерацияларды қалыптастыру кезінде тұрмыс сапасының адами капиталдың дамуын айқындайтыны, ал адами капиталдың деңгейі әлемдік экономикада қалалардың бәсекеге қабілеттілігін айқындайтыны ескерілетін болады.

Агломерацияларды қалыптастыру кезінде мемлекеттік бағдарламаларда (Инфрақұрылымды дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған "Нұрлы жол", "Нұрлы жер" мемлекеттік тұрғын үй құрылысы, "Цифрлы Қазақстан", "Бизнестің жол картасы – 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың, Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамыту 2015 – 2019 жылдарға арналған, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған "Денсаулық" мемлекеттік бағдарламалары және т.б.) көзделген құралдар да қолданылады.

5.1.2. "Екінші деңгейдегі" қалаларда орталықтары бар функционалдық қалалық аудандарды дамыту (облыс орталықтары, Семей қаласы).

Екінші деңгейдегі қалалар өңірлік даму орталықтары болып табылады және олардың өзінің ғана емес, салалас өңірлердің экономикалық белсенділігін шоғырландыру мүмкіндігі бар. Бұл ретте, өзек қаладан 30 км аспайтын қашықтықта орналасқан "екінші деңгейдегі" қалаға іргелес елді мекендер (моно және шағын қалалар, ауылдар) ФҚА орталығымен үндестіріле дамытылады. Текелі, Саран, Теміртау, Абай, Рудный, Шахтинск, Ақсу, Кентау қалалары, сондай-ақ Щучинск шағын қаласы облыс орталықтарының тікелей әлеуметтік-экономикалық әсер ету аймағына кіретін моноқалалар болып табылады. "Екінші деңгейдегі" қалаларды (облыс орталықтары, Семей қаласы) олардың әсер ету аймағындағы елді мекендермен бірге дамыту жөніндегі міндеттерді іске асыру оларды дамыту бағдарламалары шеңберінде мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- ЕАЭО, Қытай Халық Республикасы мен Орталық Азия нарықтарында экономикалық позициялау;

- инженерлік инфрақұрылымды дамыту;
- аумақтардың тиімді қала құрылысын жоспарлау.
- экологиялық тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

"Екінші деңгейдегі" қалаларды (облыс орталықтарын, Семей қаласын) ЕАЭО, Қытай Халық Республикасы мен Орталық Азия нарықтарында экономикалық позициялау.

Озық елдердің тәжірибесі бойынша жеделдетілген урбандалу шараларын қабылдау тұтастай республиканың экономикасын әртараптандыруға мүмкіндік береді. Ірі қалалар мен ФҚА қалыптастыру өндіруші өнеркәсіп пен өнімділігі төмен ауыл шаруашылығы секторынан өңдеуші өнеркәсіпке және экономиканың жоғары сапалы сервистік секторларына инвестициялық және еңбек ресурстарының ағыны үшін жағдайлар жасауға мүмкіндік береді, бұл елдегі халықтың жан басына шаққандағы кірістерін арттырады.

Бұл өте маңызды, өйткені қазіргі кезде өндіруші өнеркәсіп және аграрлық сектор заманауи технологиялардың дамуына, бизнес-процестердің автоматтандырылуына

және өндірістің ақпараттандырылуына байланысты жеткілікті жұмыс орындарын құра алмайды, тіпті оларды қысқарту болжануда.

Қазіргі кезеңде жеткілікті мөлшердегі жұмыс орындарын көрсетілетін қызметтер секторы ұсына алады. Урбандалған аумақтарда экономиканың сервистік секторлары дамып келеді. Осылайша, өңірлік саясат тұрғысынан бұл жеделдетіп басқарылатын урбандалу саясатын білдіреді, бұл елдің шикізаттық емес ЖІӨ-сін арттырады.

Осыған байланысты жергілікті атқарушы органдар облыстардың ғылыми қоғамдастығымен бірлесіп, "екінші деңгейдегі" қалаларды брендингтеу бойынша маркетингтік зерттеулерді аяқтайды, оның шеңберінде перспективалы экономикалық мамандандыруды анықтау қажет.

"Екінші деңгейдегі" қалаларда жоғары ұйымдастырылған урбанистік өмір сүру ортасын құру үшін мыналарды көздеу қажет:

1) "екінші деңгейдегі" қалаларда және оларға жақын орналасқан аумақтарда:

өңіраралық дистрибуцияның (сауда және көрсетілетін қызметтер);

өңіраралық сауда-логистикалық орталықтарды қалыптастыра отырып, көлік-логистикалық және процессингтік көрсетілетін қызметтердің;

туристік, рекреациялық және спорттық көрсетілетін қызметтер, ойын сауық және бос уақытта қызмет көрсету орталықтарының ("екінші деңгейдегі" қалалардың брендинг бойынша маркетингтік зерттеулер нәтижелері және жергілікті жағдайларға байланысты)

азық-түліктік мамандандудың (азық-түлік белдеуі) көп функциялы аймақтарын құру.

Инженерлік инфрақұрылымды дамыту.

"Екінші деңгейдегі" қалалардың инфрақұрылымын кешенді дамыту мыналарды:

1) ФҚА өзек-қаласының іргелес елді мекендермен тиімді көлік байланысын;

2) озық инновациялық және технологиялық шешімдерді (озық үрдістерді ескере отырып) қолдана отырып, энергетикалық, инженерлік-коммуникациялық, су шаруашылығы және әлеуметтік инфрақұрылымдарды дамытуды;

3) қала шаруашылығын және қаланы басқаруда смарт-технологияларды енгізуді көздеуге тиіс.

Аумақтардың тиімді қала құрылысын жоспарлау.

"Екінші деңгейдегі" қалаларды әлеуметтік-экономикалық дамыту және оларға іргелес елді мекендерді дамыту Мемлекеттік бағдарламаның іс-шаралар жоспарында көзделген тиімді қала құрылысын жоспарлаумен үйлестірілетін болады.

Су тасқынына, селге, көшкінге, қар көшкініне, жер сілкінісіне қарсы іс-қимыл, сондай-ақ елді мекендердің өртке қарсы қорғау инфрақұрылымын дамыту.

Бұл бағыттағы шаралар өңірлердің әуе кеңістігін тазарту, көліктік қозғалысты ұйымдастыру және жылумен жабдықтау көздерін қазіргі заманғы отынның түрлеріне (газ, күн энергиясы және басқалар) ауыстыруды көздейді. Техногендік және табиғи сипаттағы апаттардың алдын алу үшін шаралар қабылданатын болады. Бұл

шаралардың бәрі облыстар мен қалалардың – облыс орталықтарының және Семей қаласының даму бағдарламаларында көзделетін болады.

"Екінші деңгейдегі" қалаларды дамыту бойынша облыстарды дамыту бағдарламаларының шеңберінде іске асырылатын барлық шаралар ФҚА құрамына кіретін басқа елді мекендерге қолданылады (082-бағдарламаның 102-кіші бағдарламасы).

ФҚА құрамына кіретін моно және шағын қалалар мен ауылдық елді мекендердің әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын дамыту инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру арқылы осы елді мекендерде тұратын халықтың тұрмыс сапасын жақсарту үшін жүзеге асырылатын болады.

Инфрақұрылымдық жобалар мыналарды қамтиды:

тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерін салу, күрделі, орташа және ағымдағы жөндеу (сумен жабдықтау, кәріз объектілері, газ, жылу, электрмен жабдықтау жүйелері); инженерлік және көлік инфрақұрылымын салу, күрделі, орташа және ағымдағы жөндеу (кент ішіндегі және ауыл ішіндегі жолдар, кірме жолдар, бөгеттер, дамбалар мен көпірлер);

тұрғын үйлерді салу және күрделі жөндеу, авариялық үйлерді бұзу;

елді мекендерді абаттандыру (көшелерді, парктерді, гүлзарларды жарықтандыру және көгалдандыру, иесіз объектілерді бұзу, қатты тұрмыстық қалдықтар полигондарын, шағын сәулет нысандарын, қоршауларды, балалардың ойын алаңдары мен спорт алаңдарын жайластыру). ФҚА құрамына кіретін ауылдардан орталық қалаға дейін жергілікті жолдарды салу мен жөндеуге ерекше назар аударылатын болады.

Кәсіпкерлікті дамыту бағдарламалары шеңберінде ФҚА аймағына кіретін моно және шағын қалаларда экономиканы әртараптандыру әрі шағын және орта бизнесті дамыту жүзеге асырылатын болады.

Осы бағыт шеңберінде ФҚА аймағына кіретін моно және шағын қалалардың экономикасын ұзақ мерзімді әртараптандыру үшін "зәкірлік" инвестициялық жобалар (индустрияландыру бағдарламаларының құралдарын қоса алғанда) іске асырылатын болады.

Жергілікті атқарушы органдар мүдделі салалық орталық мемлекеттік органдармен бірлесіп, моно және шағын қалаларда іске асыру үшін 1-3 немесе одан да көп "зәкірлік" инвестициялық жобаларды іріктейді.

ФҚА аймағына кіретін моно және шағын қалалардың экономикалық әлеуетін дамыту мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1) моноқалаларда олардың ерекшеліктерін ескере отырып, ұлттық холдингтер мен компаниялардың қосалқы және қызмет көрсететін өндірістерін, тапсырыстарын орналастыруы.

"Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ және "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ жобаның қаржылық-экономикалық және өндірістің орындылығын, компанияның ерекшеліктерін

ескере отырып, моноқалаларда инвестициялық жобаларды ықтимал іске асыру бойынша шаралар қабылдайды;

2) қала түзуші кәсіпорындардың ықтимал инвесторлармен импорт алмастыратын өнімдер (жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер) бойынша ұзақ мерзімді келісімшарттар жасау мүмкіндігін қарастыруы (сапалық сипаттамалары мен бәсекеге қабілетті бағаларын ескере отырып).

Жергілікті атқарушы органдар өңірлік кәсіпкерлер палаталарымен бірлесіп оның мамандануына және қала түзуші кәсіпорындардың (импортты алмастыру және оқшаулау) қажеттілігіне сәйкес әрбір моно және шағын қаладағы кемінде бір инвестициялық жобаны іске асыруға дайын әлеуетті инвесторларды іздестіру бойынша шаралар қабылдайтын болады;

3) қолданыстағы мамандануды жаңғырту не жаңа мамандануды құру үшін стратегиялық инвесторды тарту арқылы моно және шағын қалаларда бұрынғы мамандануды қалпына келтіру.

Сондай-ақ, жер қойнауын пайдалану саласындағы уәкілетті органмен тікелей келіссөздер негізінде пайдалы қазбалардың игерілетін кен орнын пайдалану мерзімі шектеулі кәсіпорындарға жер қойнауын пайдалану құқығын беру мүмкіндігі қарастырылатын болады.

Толық барлау бойынша шараларды айқындай отырып, моно және шағын қалаларға жақын орналасқан пайдалы қазбалардың перспективалы кен орындарын анықтау мемлекеттік тапсырма шарттары шеңберінде немесе кәсіпорынның шикізат базасын кеңейтуге мүдделі жеке инвесторлардың есебінен жүзеге асырылады.

Жинақталған геологиялық ақпаратқа ауқымды талдау жүргізіліп, инвестициялық бағдарлама әзірленетін болады және облыс әкімдіктерімен бірлесіп, өңірлердің ресурстық базасын дамыту бойынша кешенді жоспарлар жасалады.

Жалпы, ұзақ мерзімді перспективада аумақтық/өңірлік даму жөніндегі бағдарламалық құжаттарды іске асыру шеңберінде ел халқының 80-90 %-ын ФҚА шоғырландыру мақсаты тұр және мемлекеттік бағдарламада баяндалған шаралар тек бастапқы сипатқа ие.

Осыған байланысты "екінші деңгейдегі" қалаларда орталықтары бар ФҚА дамыту үшін мемлекеттік бағдарламаларда, сондай-ақ аумақтарды дамыту бағдарламаларында (Инфрақұрылымды дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған "Нұрлы жол", "Нұрлы жер" мемлекеттік тұрғын үй құрылысы, "Цифрлы Қазақстан", "Бизнестің жол картасы-2020" бизнесті қолдау мен дамыту, Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған "Денсаулық" мемлекеттік бағдарламалары және т.б.) көзделген құралдар қолданыла береді.

5.2. Екінші бағыт: Функционалдық қалалық аудандардың құрамына кірмейтін моноқалаларды, шағын қалаларды және ауылдық елді мекендерді (шекара маңындағы аумақтарды қоса алғанда) дамыту

Бұл бағыт бойынша мынадай міндеттер шешілетін болады:

- 1) функционалдық қалалық аудандар құрамына кірмейтін моно және шағын қалаларды дамыту;
- 2) функционалдық қалалық аудандар құрамына кірмейтін ауылдық елді мекендерді дамыту.

5.2.1. Функционалдық қалалық аудандар құрамына кірмейтін моно және шағын қалаларды дамыту

Осы міндетті шешу үшін мыналар көзделеді:

1) "Бизнестің жол картасы – 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы, Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде моно және шағын қалаларда шағын және орта бизнесті дамыту;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген базалық мемлекеттік және әлеуметтік көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз ету.

Өңірлік саясатты іске асыру шеңберінде моно және шағын қалаларды ФҚА құрамына кіретін және ФҚА құрамына кірмейтін қалаларға топтастыру жүргізілді (осы Мемлекеттік бағдарламаға 2-қосымшаға сәйкес).

ФҚА құрамына кірмейтін қалаларға Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған "Денсаулық" және басқа салаларды дамытудың мемлекеттік бағдарламалары шеңберінде осы елді мекендердегі жастардың адами капиталын арттыру бойынша шаралар іске асырылады. Бұл моно және шағын қалалардағы жастарға ірі қалалардың еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуына мүмкіндік береді.

Осы қалалардағы халықты ағымдағы жұмыспен қамту Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасы, "Бизнестің жол картасы – 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде қолдау табады.

Жалпы, шалғай, ФҚА-мен байланысты емес моно- және шағын қалалардағы мемлекеттік саясат ірі және үлкен қалаларға қоныс аударуға жәрдемдесуге бағытталатын болады (облыстардың ірі және үлкен қалаларында жалға берілетін және коммуналдық тұрғын үй құрылысын жаппай салу, жастардың интеллектуалдық әлеуетін арттыру және Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың

2016 – 2019 жылдарға арналған, "Нұрлы жер" мемлекеттік тұрғын үй құрылысы мемлекеттік бағдарламалары және аумақтық даму бағдарламалары шеңберіндегі басқа да шаралар).

"Зәкірлік" инвестициялық жобаларды іске асыру, ұлттық холдингтер мен компаниялардың, қала түзуші кәсіпорындардың қосалқы және қызмет көрсету өндірісін орналастыру арқылы экономиканы әртараптандыру айрықша жағдайларда мемлекеттік қолдау шараларына ие болады. Атап айтқанда, егер өңдеуші өнеркәсіптің жаңа өндірілген өнімі ұзақ мерзімді перспективада экономикалық дәлелденген экспорттық әлеуетке ие болса.

Бұл ретте шекара маңы аумағында орналасқан шағын қалалар (Жаркент, Зайсан, Сарыағаш, Шардара, Шемонаиха, Мамлютка, Булаево, Жетісай) Қазақстан Республикасының Үкіметі мен облыстардың жергілікті атқарушы органдары қабылдаған тиісті облыстардың даму бағдарламалары шекара маңы аумақтарын дамытудың кешенді жоспарлары мен шеңберінде мемлекеттік қолдаудың қосымша шараларын қабылдайтын болады. Бұл осы қалалардың шекаралық және кедендік бақылаудың форпосттары болып табылуына байланысты.

5.2.2. Функционалдық қалалық аудандардың құрамына кіретін ауылдық елді мекендерді (шекара маңы аумақтарын қоса алғанда) дамыту.

Жоғарыдағы "екінші деңгейдегі" қалаларды дамыту жөніндегі кіші бөлімде айтылғандай, ФҚА құрамына кіретін ауылдық елді мекендер өздерінің орталық қалаларымен үндестіріле дамытатын болады (инженерлік инфрақұрылымды салу/ жаңғырту және басқалар).

Аудан орталықтары мәртебесіндегі ауылдарда және тірек АЕМ-де сапалы мемлекеттік және әлеуметтік қызметтерді көрсету инфрақұрылымын жақсарту шаралары күшейтілетін болады ("Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының филиалдары, кеңжолақты интернет, учаскелік полиция пункті, жалпы орта білім беру мекемелері, медициналық мекемелер (фельдшерлік-акушерлік пункт/дәрігерлік амбулатория/алғашқы медициналық-санитариялық көмек орталығы (немесе орталық аудандық аурухананың филиалы).

Бұл шаралар Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған "Денсаулық", Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 – 2019 жылдарға арналған, "Цифрлы Қазақстан" мемлекеттік бағдарламалары, облыстардың даму бағдарламалары шеңберінде іске асырылатын болады.

Ауылдық елді мекеннің орналасқан жеріне қарамастан (ФҚА құрамында /одан тыс), оларға мынадай шаралар ұсынылады:

1) тыныс-тіршілікті қамтамасыз ету инфрақұрылымын дамыту (су, электр энергиясы, білім беру объектілері және басқалары);

2) ауылдық жердің кадрлық әлеуетін арттыру;

3) жергілікті өзін-өзі басқаруды қаржылай қолдау (осы Мемлекеттік бағдарламаға 6 -қосымшаға сәйкес).

Өңірлік даму саласындағы уәкілетті орган әзірлеген және бекіткен ауылдық елді мекендерді айқындауға арналған өлшемшарттарға сәйкес ауылдық аумақтардың ағымдағы жағдайын бағалау үшін жергілікті атқарушы органдар АЕМ-нің өндірістік, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымына мониторингті жалғастырады және соның негізінде олардың жағдайының әлеуеті айқындалады.

Тірек АЕМ тізбесін өңірлік даму саласындағы орталық уәкілетті орган бекіткен тірек ауылдық елді мекендерді айқындау әдістемесіне сәйкес жергілікті атқарушы органдар айқындайды және бекітеді. Осы тізбе және тірек АЕМ мониторингі мемлекеттік басқарудың орталық және жергілікті деңгейлерінде қазіргі уақытқа және перспективаға қатысты басқару шешімдерін қабылдау үшін қажет.

Аудан орталықтары болып табылатын тірек АЕМ-де және ауылдық елді мекендерде ауыл шаруашылығы емес қызмет түрлерін (ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу, халық қолөнері, қызмет көрсету салалары және басқалар) дамытуға баса назар аударылатын болады. Сондай-ақ тұрақты ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуге, ауыл тұрғындарының кірістерін арттыруға жағдайды қамтамасыз ету жалғасады. Ауылдық жерлерде тұратын халықтың өмір сүру сапасын жақсарту үшін сапалы ауыз сумен, электр және газ, сондай-ақ әлеуметтік инфрақұрылымды ағымдағы, орташа және күрделі жөндеумен қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жалғасын табады. Осы шаралардың барлығы аумақтарды дамыту бағдарламаларында көзделетін болады.

Тірек АЕМ-дерде мемлекеттік және коммерциялық көрсетілетін қызметтер орталықтарын құру және дамыту бойынша қосымша шаралар қабылданатын болады. Шекара қызметінің бөлімшелеріндегі шекара маңындағы аймақтардың тірек АЕМ-де бірыңғай даму жүйесінде оларда тұратын әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелеріне әлеуметтік және тұрмыстық жағдайлар жасалатын болады.

Қазіргі уақытта мемлекеттік және коммерциялық қызметтер көрсету орталықтары негізінен аудан орталықтары мен қалаларда орналасқан, бұл ауыл халқына, әсіресе шалғай аумақтарда қажетті көрсетілетін қызметтерге қолжетімділікті қиындатады.

Аталған бағытты іске асыру тірек АЕМ-де кепілдендірілген мемлекеттік, әлеуметтік және коммерциялық көрсетілетін қызметтерге қолжетімділік проблемаларын шешуге мүмкіндік береді, олар өз кезегінде республикалық және жергілікті бюджеттерде көзделген қаражат шегінде, сондай-ақ басқа да қаржы көздерінің есебінен ауылдық елді мекендердің белгілі бір тобына қызмет көрсететін болады.

Бұл бағытты іске асыру:

1) екінші деңгейдегі банктердің, микрокредиттік ұйымдардың, ауылдық кредиттік серіктестіктердің, сақтандыру компанияларының, нотариустардың, сервистік-дайындау орталықтарының, техникалық қызмет көрсету станцияларының бөлімшелерін және

қаржыландырылуы жеке инвесторлар мен басқа да көздердің есебінен жүзеге асырылатын басқа бөлімшелерді ашуға жәрдемдесу есебінен коммерциялық қызметтерді дамыту;

2) жергілікті билік органдарын тірек АЕМ-дерді дамытудың бірыңғай жүйесіне тарта отырып, Шекара қызметінің әскери қалашықтарының инфрақұрылымын жетілдіру арқылы жүзеге асырылатын болады.

Ауылдық жерлерде кадрлық әлеуетті арттыру ауылдық жерлерге жұмыс істеуге және тұруға келген әлеуметтік сала мен агроөнеркәсіптік кешен мамандарына көтерме жәрдемақы төлеуге және тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит беру түрінде мемлекеттік қолдауды көздейді.

Бұл бағытты мемлекеттік қолдау қазіргі "Дипломмен ауылға" жобасының және облыстардың даму бағдарламаларының шеңберінде жалғасады.

Ауылдық жерлердегі кадрлық әлеуетті дамыту жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру Ауылдық елді мекендерде жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік бюджеттің 4-ші деңгейінің енгізілуіне байланысты ауылдық деңгейдегі мемлекеттік қызметшілерді қосу ықтималдығымен "Дипломмен ауылға" жобасы қатысушыларының контингентін белгіленген тәртіппен кеңейту мәселесі пысықталатын болады.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды қаржылай қолдау АЕМ-ді дамыту және ауыл халқының тіршілігін жақсарту жөніндегі іс-шараларды айқындау бойынша ұсыныстар әзірлеуге халықты тартуға бағытталған.

Іс-шараларды іске асыру жергілікті өзін-өзі басқаруды қаржылай қолдау шеңберінде әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті жоғары және орташа АЕМ-де ғана жүзеге асырылады.

Ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімдері жергілікті қоғамдастықтың жиналыстарын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді, онда бірінші кезектілігі мен өзектілігі негізге алына отырып (іс-шараларды "төменнен жоғарыға қарай" іріктеу қағидаты), іс-шараларды іріктеу бойынша ұсыныстар талқыланады және шешімдер қабылданады.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды қаржылай қолдау облыстарды және аудандарды дамыту бағдарламалары шеңберінде мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылатын болады:

1) білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, сумен жабдықтау, газбен жабдықтау объектілерін күрделі және ағымдағы жөндеу;

2) коммуналдық шаруашылық: көшелерді жарықтандыру және көгалдандыру, иесіз қалған объектілерді бұзу, қолданыстағы қатты тұрмыстық қалдықтар мен мал

қорықтары полигондарын жайластыру, жылыту жүйелерін жөндеу, балалардың аула ойын алаңдарын орнату;

3) көлік коммуникациялары: кентішілік жолдарды және көпірлерді күрделі, орташа және ағымдағы жөндеу, бағдарламалар орнату;

4) ауыл шаруашылығы: су қоймаларын тазарту, иесіз қалған гидротехникалық құрылыстарды қалпына келтіру;

5) елді мекендерді абаттандыру жөніндегі іс-шаралар.

ФҚА құрамына кірмейтін шекара маңындағы ауылдық елді мекендерді дамыту.

Шекара маңындағы елді мекендерді дамыту, оның ішінде олардың әкімшілік-аумақтық маңыздылығын арттыру, шекара маңы ынтымақтастығы пункттерінің инфрақұрылымын, көлік-логистикалық инфрақұрылымды дамыту және жайластыру, экономикалық әлеуетті арттыру арқылы жалғасатын болады.

Шекара маңындағы аудандардың әкімшілік-аумақтық маңыздылығын арттыру Мемлекеттік шекарадан 50 км дейінгі қашықтықта орналасқан шекара маңындағы аудан орталықтары мен тірек АЕМ-дерді басым дамыту, көлік-логистикалық инфрақұрылымды дамыту, қолда бар көліктік және транзиттік дәліздер арқылы жүк ағынын ұлғайту, туристік және рекреациялық объектілерді, туристік инфрақұрылымды құру, пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді (егістік жерлер, жайылымдар, шабындықтар, көпжылдық көшеттер, кен орындары) экономикалық айналымға тарту арқылы, сондай-ақ шекара маңындағы аумақтардың шаруашылық жүргізуші субъектілері мен көрші мемлекеттер арасында өңіраралық өзара тиімді байланыс орнату арқылы жүзеге асырылады. Бұл шаралар шекаралас өңірлер мен аудандардың аумақтарын дамыту бағдарламалары шеңберінде жүзеге асырылатын болады.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған "Денсаулық", Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 – 2019 жылдарға арналған, "Цифрлы Қазақстан" мемлекеттік бағдарламалары, облыстардың даму бағдарламалары шеңберінде халықтың, әсіресе шекара маңындағы аумақ жастарының адами капиталын арттыру жөніндегі шаралар іске асырылатын болады. Бұл шекара маңындағы аумақтардағы ауылдардың жастарына ірі қалалардың еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуына мүмкіндік береді. Шекара маңындағы аумақтардан кетуді тежеу және олардың халық санын ұлғайту бойынша арнайы шаралар қабылданбайды. Бұл ретте, ағымдағы жұмыспен қамту жөніндегі шаралар қолданыстағы кәсіпкерлік және жұмыспен қамту бағдарламалары шеңберінде шешілетін болады.

Жалпы ел бойынша жаңадан ашылатын және қолданыстағы өткізу пункттерінің, шекараны кесіп өту орындарының және сервистік инфрақұрылымдарды, шекараны,

оның ішінде теміржол арқылы кесіп өту кезінде шекаралық бақылауды жетілдіру (реконструкциялау) бойынша шаралар қабылданатын болады.

Сондай-ақ Мемлекеттік шекарадағы барлық бақылау пункттерін жаңғырту және реконструкциялау жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеп, қаржыландырудың көздері мен көлемін айқындау жөніндегі мәселе пысықталады.

Жұмыс істеп тұрған өткізу пункттерінің инфрақұрылымын құруға және жаңаларын ашуға қатысты әрбір шекара маңындағы облыс үшін Жол карталарын әзірлеу жолымен объектілердің нақты тізбесі, қажетті жұмыстар көлемі және іс-шараларды іске асыру мерзімдері айқындалатын болады. Бұл ретте шекараны кесіп өтудің оңайлатылған орындарында инфрақұрылымдар салу қажеттігі, сондай-ақ жаңа өткізу пункттерінде инфрақұрылымдар салуды аяқтау ескерілетін болады.

Өткізу пункттерінің инфрақұрылымын және шекараны кесіп өту орындарын дамыту және тиісті жағдайда ұстау халықты жұмыспен қамту үшін қосымша мүмкіндіктерді ұйымдастыруға (құрылыс, халыққа қызмет көрсету, туризмді ұйымдастыру, сондай-ақ елдің транзиттік-көліктік әлеуетін арттыру және инвестицияларды тарту, оның ішінде МЖӘ қағидаттары бойынша жағдайларды қамтамасыз етуге) мүмкіндік береді.

5.3. Үшінші бағыт: Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық инфрақұрылымын дамыту

Бұл бағыт шеңберінде мынадай міндеттер шешілетін болады:

- 1) халықты сапалы ауызсумен және су бұру қызметтерімен ұтымды қамтамасыз ету;
- 2) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту.

Мемлекеттік бағдарламада көзделген ТКШ саласындағы міндеттерді шешуге бағытталған жобаларды іске асыру үшін:

- секторда қайтарымды қаржыландыру тетіктерін кеңейту, оның ішінде жаңа қаржы институттарын, атап айтқанда ХҚҰ-ны тарту бойынша шараларды қабылдау;

- ХҚҰ қарыздары есебінен іске асырылатын инвестициялық жобаларды республикалық бюджеттен қоса қаржыландырудың оң тәжірибесін пайдалану, бюджеттен тыс инвестицияларды тартудың негізгі тетігін, оның ішінде МЖӘ тетігін айқындау;

- ТКШ секторының инвестициялық тартымдылығын арттыру мақсатында саладағы бірыңғай стратегиялық әріптесті – "ТКШ ҚазОрталық" АҚ түрінде қаржы агентін айқындау қажет.

5.3.1. Халықты сапалы ауыз сумен және су бұру қызметтерімен ұтымды қамтамасыз ету.

Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде елдегі елді мекендерді сумен жабдықтауды және су бұруды дамыту бойынша шаралар жалғасады.

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау үшін ауылды сумен жабдықтауды дамытуға 2018 жылы республикалық және жергілікті бюджеттерде шамамен 100 млрд. теңге көзделген.

Одан әрі қаржыландырудың мынадай тетігі іске асырылады.

Орталықтандырылған сумен жабдықтауға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында республикалық бюджеттің қаражаты, негізінен, төмен қолжетімділік көрсеткіштері бар өңірлерге бөлінетін болады.

Әкімдіктерді ынталандыру үшін республикалық бюджет қаражаты жергілікті бюджеттен қоса қаржыландыру көлемін есепке ала отырып бөлінеді (жергілікті бюджеттерден бірге қаржыландыру неғұрлым көп болса, республикалық бюджеттен қаржыландыру соғұрлым көп болады).

Ауыл тұрғындарын ауызсумен қамтамасыз ету қарқынын жеделдету үшін қолданыстағы қаржыландыру жүйесіне қосымша МЖӘ тетіктерін енгізу мәселесі қарастырылатын болады. Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін салу мен реконструкциялауды жеке инвестициялар есебінен жүргізіп, инвестициялық шығындарды (бұдан әрі – ИШӨ) кейіннен келісілген кесте бойынша өтеу жоспарлануда.

Халықты тиісті сапасы бар және толық көлемде ауызсумен қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ сарқынды суларды тазартудың қажетті деңгейін қамтамасыз ету үшін сумен жабдықтаудың және су бұрудың жаңа объектілерін салу әрі қолданыстағы объектілерді реконструкциялау жалғасатын болады. Бюджет қаражатын осы мақсаттарға бөлу ұлғаяды. Нәтижесінде 2025 жылға қарай барлық қалалар орталықтандырылған сумен жабдықтаумен қамтамасыз етіледі, ал ауылдарда орталықтандырылған сумен жабдықтаумен қамтамасыз ету деңгейі 80 %-ды құрайды.

Секторды одан әрі дамытудың жаңа бағыттарына қатысты. Су арналарының өндірістік процестерін кешенді технологиялық жаңғырту жүргізілетін болады.

Біріншіден, инвестициялық бағдарламалар қаражаты шеңберінде тарифтер есебінен су арналарының процестерін толық аспаптандыру және автоматтандыру бойынша шаралар қабылданады, ол өндіріс шығындарын 15 %-ға, ысырапты 2 %-ға дейін төмендетуге мүмкіндік береді, соның арқасында жылына үнемдеу 35,7 млрд. теңгені құрайды.

Екіншіден, бюджет шығындарын азайту мақсатында қолданыстағы желілерге қазіргі заманғы технологияларды пайдалана отырып (мысалы, коррозиядан сақтайтын жабдық) реконструкциялау және жаңғырту жүргізілетін болады.

Сондай-ақ, жаңа технологияларды, оның ішінде энергия мен ресурс үнемдейтін технологияларды қолдануды және шетелдік тәжірибені ескере отырып, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы нормативтік-техникалық құжаттамаларға саладағы қолданыстағы нормаларды одан әрі жеңілдетуді, атап айтқанда тазартылған шаруашылық-тұрмыстық сарқынды су төгінділерін нормалауды көздейтін өзгерістер енгізіледі.

5.3.2. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту

Жылумен, электрмен, газбен жабдықтау

Жылумен жабдықтау жүйелерінің тозуын төмендету жөніндегі шаралар шеңберінде коммуналдық секторды жаңғырту және реконструкциялау жалғасады.

Шығындар мен авариялылығы ең көп 1 мың км жуық жылумен жабдықтау желілері жаңғыртылатын болады.

Жылумен жабдықтау желілерінің жобаларын қаржыландыру инфрақұрылымдық гранттар түрінде бюджеттік кредиттер мен субсидиялар беру арқылы республикалық бюджет қаражаты, сондай-ақ ХҚҰ-дан және басқа да көздерден қарыз алу есебінен жүзеге асырылады.

Жылумен жабдықтау желілерін дамытуға инвестициялар салудың орындылығы туралы әзірленген техникалық зерттеулер мен негіздемелер негізінде жобаларды іріктеу өлшемшарттары мен жобаларды өңірлерде іске асырудың басымдығы айқындалатын болады.

Жылумен жабдықтау желілерін жаңғырту және реконструкциялау жобаларын тиімді іске асыру мақсатында мынадай іс-шаралар жүзеге асырылады:

1) елді мекеннің дамуын ескере отырып, жылумен жабдықтау жүйелерінің схемасын әзірлеу және ұсыну;

2) бірыңғай техникалық саясат шеңберінде жылумен жабдықтау жүйелерін жаңғырту және реконструкциялау, оның ішінде жаңа және инновациялық материалдарды, жабдықтар мен технологияларды пайдалану бойынша;

3) жаңа технологияларды қолдана отырып және есепке алу аспаптарын міндетті түрде пайдаланып, жылумен жабдықтаудың инженерлік инфрақұрылымын дамыту;

4) жылумен жабдықтау саласындағы мемлекеттік меншіктегі табиғи монополия субъектілерінің басшыларына қызметтің түйінді көрсеткіштерін және біліктілік талаптарын бекіту.

Қолданыстағы қаржыландыру жүйесіне қосымша МЖӘ тетіктері енгізілетін болады. Жылумен жабдықтау жүйелерін салу және реконструкциялау келісілген кесте бойынша ИШӨ жеке инвестициялар есебінен жүргізілетін болады.

Осы тетікті іске асыру үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына тиісті өзгерістер енгізу мәселесі пысықталады.

Қазақстан Республикасын газдандырудың 2015 – 2030 жылдарға арналған бас схемасын іске асыру газдандыру деңгейін ағымдағы 7-ден 12 млн. адамға дейін жеткізуге мүмкіндік береді. 2030 жылға қарай газ 13 облыста халықтың 56 %-да болады (қазіргі 47 %-дың орнына). Жаңа газ құбырларының жалпы ұзындығы 29 мың км құрайды. 2030 жылға дейін қажетті инвестициялар көлемі 656 миллиард теңгені құрайды.

Газдандырудың дәйектілігін айқындау үшін математикалық модельге негізделген рейтингтік бағалау құралы пайдаланылатын болады. Есептеулердің нәтижелері бойынша облыстар шегінде газдандыруға жататын белгілі бір аудандар мен елді мекендер басымдығының дәрежелері немесе деңгейлері қалыптастырылады.

Қазақстан Республикасын газдандырудың 2015 – 2030 жылдарға арналған бас схемасы мен Қазақстан Республикасының газ секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру Қазақстан Республикасының газ секторын кешенді дамытуды, саланың дамыған инфрақұрылымын құруға, еліміздің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге үлес қосуды қамтамасыз етеді.

Жыл сайын жылу энергиясы жүйесін дамыту үшін нысаналы трансферттер шеңберінде электрмен жабдықтау жүйесінің объектілерін салуға, реконструкциялауға, жаңғыртуға (желілер мен қосалқы станциялар) республикалық бюджеттен қаражат бөлінеді.

Электрмен, газбен, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту тетіктері осы Мемлекеттік бағдарламаға 4-қосымшада көрсетілген.

Тұрғын үй қорын дамыту

Азаматтардың қауіпсіз өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету үшін бұзуға немесе күрделі жөндеуге жататын авариялы үйлерді анықтау мақсатында тұрғын үй қорының техникалық жай-күйін бағалау (паспорттандыру) қажет.

Күрделі жөндеу жүргізу процесіне пәтерлердің меншік иелерін тарту мақсатында мүліктің меншік иелері бірлестігі немесе жай серіктестік екінші деңгейдегі банктердің бірінде жинақтаушы шотта көппәтерлі тұрғын үйдің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге пәтерлердің меншік иелерінің төлемдерін жинақтайтын болады.

Көппәтерлі тұрғын үйді күрделі жөндеу жөніндегі жобаларды іске асыру азаматтардың тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын жақсартуға, қаражатты жинақтау жүйесінің оңтайлы жұмыс істеуіне және дамуына алып келеді.

Жалпы тұрғын үй қорын жаңғырту тетігі осы Мемлекеттік бағдарламаға 5-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылатын болады.

6. Қажетті ресурстар

Мемлекеттік бағдарламаны қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджет қаражаты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен және олардың шегінде жүзеге асырылатын болады.

млн. теңге

	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл
РБ*	180 755	113 335	69 516	134 491	131903
МБ*	16 158	11 751	5 010	49 881	58 476
Бюджеттен тыс қаражат	212 968	523 712	107 750	9 900	13 200
Барлық қаражат	409 881	648 798	182 276	194 272	203579

* Қаражат көлемі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті қаржы жылдарына арналған республикалық және жергілікті бюджеттердің бекітілуі мен нақтылануына қарай нақтыланатын болады.

Өңірлерді дамытудың

Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Р/с №	Атауы	Өлшем бірлігі	Аяқтау нысаны	Орындау мерзімі	Орындауға жауаптылар	Оның ішінде жылдар бойынша	
						2015 жыл	2016 жы
1	2	3	4	5	6	7	8
Мақсат: Басқарылатын урбандалу және халықтың өмір сүру сапасын жақсарту арқылы өңірлердің бәсекеге қабілеттігін а							
1	1-нысаналы индикатор: Облыстар бөлінісінде урбандалу деңгейі	%			ҰЭМ, облыстардың ЖАО		
	Республика бойынша орта есеппен					56,9	57,3
	Ақмола облысы (Астана қ. ескере отырып)					75,6	76,6
	Ақтөбе облысы					62,3	62,7
	Алматы облысы (Алматы қ. ескере отырып)					59,3	59,6
	А т ы р а у облысы					47,4	47,9
	Шығыс Қазақстан облысы					59,6	60,1
	Ж а м б ы л облысы					40,4	40,3
	Б а т ы с Қазақстан облысы					49,7	50,2
	Қ а р а ғ а н д ы облысы					79,1	79,3
	Қостанай облысы					52,5	53,1
	Қызылорда облысы					43,4	43,9
	Маңғыстау облысы					43,7	42,9
	П а в л о д а р облысы					70,3	70,5
	С о л т ү с т і к Қазақстан облысы					43,1	44,0
	О ң т ү с т і к Қазақстан облысы					44,9	45,1
	Түркістан облысы (Шымкент қ. ескере отырып)					-	-

2	2-нысаналы индикатор: Өңірлер арасындағы халықтың жан басына шаққандағы ЖӨӨ бойынша даму айырмасы	есе			ҰЭМ	3,2	3,2
3	3-нысаналы индикатор: Халықтың мемлекеттік және әлеуметтік көрсетілетін қызметтер сапасына қанағаттануы, оның ішінде	%		2015-2019 жылдар	ҰЭМ, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының ЖАО		
	"Азаматтарға арналған үкімет"						
	мемлекеттік корпорациясы						
	қалаларда					58,7	-
	ауылдарда					72,3	-
	білім беру саласында көрсетілетін қызметтерге, оның ішінде:						
	мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту						
	қалаларда					40,0	-
	ауылдарда					65,0	-
	жалпы орта (орта)						
	қалаларда					45,1	-
	ауылдарда					67,4	-
	техникалық және кәсіптік						
	қалаларда					39,0	-
	ауылдарда					59,1	-
	денсаулық сақтау саласында көрсетілетін қызметтерге						
	қалаларда					29,0	-
	ауылдарда					47,1	-
	ауыз су сапасымен						
	қалаларда					37,2	-
	ауылдарда					66,6	-
	ауаның тазалығына (онда шығарындылардың, түтіннің, шаңның және кірдің болмауы)						
	қалаларда					30,9	-
	ауылдарда					70,3	-
1-міндет: "Бірінші деңгейдегі" қалаларда (Астана, Алматы, Шымкент және Ақтөбе агломерациялары) орталықтары бар фунд							
					ҰЭМ, Ақтөбе облысының, Астана, Алматы		

1-нәтижелер көрсеткіші: Агломерациялардағы халықтың саны	мың адам			және Шымкент қалаларының ЖАО		
Агломерациялар бойынша барлығы					6049,6	6117,2
Астана					1025,4	1021,9
оның ішінде Астана қаласы					872,6	969,3
Алматы					2815,9	2879,3
оның ішінде Алматы қаласы					1703,5	1725,7
Шымкент					1594,2	1599,4
оның ішінде Шымкент қаласы					885,8	912,3
Ақтөбе					614,1	616,6
оның ішінде Ақтөбе қаласы					397,4	410,7

Іс-шаралар

1	2025 жылға дейінгі жоспарлардың ауқымын кеңейтуді көздей отырып, Шымкент және Ақтөбе агломерацияларын дамыту бойынша іс-шаралар жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу	-	облыстық мәслихаттар сессияларының шешімдері	2018 жылғы 4-тоқсан	Түркістан, Ақтөбе облыстарының және Шымкент қаласының ЖАО	-	-
2	2050 жылға дейін елдегі ірі қалаларды дамыту стратегиясын әзірлеу әдістемесі бойынша ұсыныстар енгізу	-	ПӘ-ге ақпарат	2018 жылғы қараша	ҰЭМ, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының ЖАО	-	-
3	2050 жылға дейін елдегі ірі қалаларды дамыту стратегиясын әзірлеу бойынша ұсыныстар енгізу	-	ҰЭМ-ге ақпарат	2019 жыл	Астана, Алматы және Шымкент қалаларының ЖАО	-	-
4	Бір ғимараттың ішінде даму институттарының, мемлекеттік органдардың, кәсіпкерлердің өңірлік палаталарының, сервистік компаниялардың өкілдерін орналастыру жолымен "бір терезе" режимінде көрсетілетін қызметтер кешенін ұсына отырып, операциялық зал, оқыту сыныптарын, өзіне өзі қызмет көрсету аймақтарын, коворкинг орталықтарын құра отырып, орталықтары "	-	ҰЭМ-ге ақпарат	2018-2019 жылдар	облыстардың ЖАО	-	-

	бірінші деңгейдегі" қалаларда орналасқан ФҚА құрамына кіретін шағын және моноқалаларда кәсіпкерлікті қолдау орталықтарын құру (жалпы алаңы 200-300 шаршы метр) бойынша шаралар қабылдау					
5	Бір ғимараттың ішінде даму институттарының, мемлекеттік органдардың, кәсіпкерлердің өңірлік палаталарының, сервистік компаниялардың өкілдерін орналастыру жолымен "бір терезе" режимінде көрсетілетін қызметтер кешенін ұсына отырып, операциялық зал, оқыту сыныптарын, өзіне өзі қызмет көрсету аймақтарын, коворкинг орталықтарын құра отырып, орталықтары "бірінші деңгейдегі" қалаларда орналасқан ФҚА құрамына кіретін аудан орталықтарында кәсіпкерлікті қолдау орталықтарын құру (жалпы алаңы 200-300 шаршы метр) бойынша шаралар қабылдау	-	ҰЭМ-ге ақпарат	2018-2019 жылдар	облыстардың ЖАО	-

2-міндет: "Екінші деңгейдегі" қалаларда (облыс орталықтары, Семей қаласы) орталықтары бар функционалдық қалалық ауд

1-нәтижелер көрсеткіші: Облыс орталықтарында халық санының өсуі	мың адам			ҰЭМ, облыстардың ЖАО		
Облыс орталықтары бойынша б а р л ы ғ ы (қалалық әкімшілік)					4 681,7	4 772,7
Көкшетау қаласы					155,7	159,4
Ақтөбе қаласы					450,0	461,8
Талдықорған қаласы					162,4	165,3
Атырау қаласы					296,6	308,2
Өскемен қаласы					331,0	334,4
Тараз қаласы					359,9	362,4
Орал қаласы					286,1	292,1
Қарағанды қаласы					495,2	499,3
Қ о с т а н а й қаласы					229,2	233,6

Қызылорда қаласы					273,3	282,0
Ақтау қаласы					185,5	185,9
Павлодар қаласы					357,6	359,5
Петропавл қаласы					213,4	216,5
Шымкент қаласы					885,8	912,3
Түркістан қаласы					-	-
2-нәтижелер көрсеткіші: Облыс орталықтары, Астана, Алматы және Шымкент қалалары бөлігінде негізгі капиталға инвестицияларды (бюджет қаражатын қоспағанда) тарту көлемін ұлғайту	млн. теңге			Ұ Э М , облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының ЖАО		
Республика бойынша барлығы					2342984,8	2674921,0
Ақмола облысы					23365,0	22912,0
Ақтөбе облысы					99332,0	131924,0
Алматы облысы					20924,5	34299,4
Атырау облысы					619948,0	802520,0
Шығыс Қазақстан облысы					71183,7	60692,8
Жамбыл облысы					26734,4	38293,2
Батыс Қазақстан облысы					35819,1	38364,1
Қарағанды облысы					79032,1	84701,0
Қостанай облысы					26110,0	25197,0
Қызылорда облысы					108343,9	100065,7
Маңғыстау облысы					102482,0	93896,0
Павлодар облысы					98 122,0	134 345,0
Солтүстік Қазақстан облысы					38392,5	37508,5
Оңтүстік Қазақстан облысы					159159,6	112155,1
Түркістан облысы					-	-
Астана қ.					472426,0	498948,0
Алматы қ.					361610,0	459100,0
					-	-

Шымкент қ.							
Іс-шаралар							
1	Ірі инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру	млн. теңге	пайдалануға беру актісі	2015 – 2019 жылдар	ҰЭМ, облыстардың ЖАО	11762,3	8430,8
						1176,2	843,1
2	Алматы қаласының серіктес қалаларының (G4 City) инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын салу жөніндегі жобаларды іске асыру	млн. теңге	пайдалануға беру актісі	2015 – 2019 жылдар	Алматы облысының ЖАО	3080,2	-
						-	-
3	Қалалар мен елді мекендерді абаттандыру жөніндегі жобаларды іске асыру	млн. теңге	пайдалануға беру актісі	2015 – 2019 жылдар	И Д М , Астана қаласының ЖАО	3300,9	3389,8
4	Моноқалаларда инженерлік инфрақұрылымды дамыту жөніндегі жобаларды іске асыру	млн. теңге	пайдалануға беру актісі	2015 – 2019 жылдар	ҰЭМ, облыстардың ЖАО	7424,3	3739,7
						742,4	374,0
5	Моноқалаларды жайластыру жөніндегі іс-шараларды іске асыру	млн. теңге	пайдалануға беру актісі	2015 – 2019 жылдар	ҰЭМ, облыстардың ЖАО	4 841,9	-
						484,2	-
6	ФҚА құрамына кіретін шағын қалаларда инженерлік инфрақұрылымды дамыту жөніндегі жобаларды іске асыру	млн. теңге	пайдалануға беру актісі	2015 – 2019 жылдар	ҰЭМ, облыстардың ЖАО ¹	-	-
7	Шекара маңындағы аумақтарында орналасқан шағын қалаларда инженерлік инфрақұрылымды дамыту жөніндегі жобаларды іске асыру	млн. теңге	пайдалануға беру актісі	2015 – 2019 жылдар	ҰЭМ, облыстардың ЖАО ¹	-	-
8	Шекаралас аумақтарда орналасқан шағын қалаларды жайластыру жөніндегі іс-шараларды іске асыру	млн. теңге	пайдалануға беру актісі	2015 – 2019 жылдар	ҰЭМ, облыстардың ЖАО ¹	-	-
9	Қала тұзуші кәсіпорындардың қосалқы және қызмет көрсету өндірістерінің ерекшеліктерін ескере отырып, ФҚА құрамына кіретін моно және шағын қалалардағы тапсырыстарды орналастыруы (кемінде 1 жоба)	бірл.	ҰЭМ-ге ақпарат	2015 – 2019 жылдар	облыстардың ЖАО	3 0	3 5

15 Тараз қ.	Сарыкемер а. (32,1), Базарбай а. (0,7), Қосақ а. (1,0), Байзақ а. (4,8), Ботамойнақ а. (0,5), Үшбұлақ ст. (0,2), Бурыл а. (9,2), Құмжота а. (3,9), Дихан а. (1,9), Аймантөбе а. (0,8), Жеңіс а. (0,5), Жетібай а. (2,1), Аққия а. (0,7), Төрткүл а. (0,3), Көкбастау а. (1,7), Ақшолақ ст. (0,7), Жанатұрмыс а. (0,6), Жібекжолы а. (0,4), Қайнар рзд. (0,9), Тегістік а. (0,4), Төрегелді а. (0,08), Кеңес а. (2,5), Красная Звезда а. (5,9), Көктал а. (2,9), Талас а. (4,1), Қостөбе а. (2,0), Мырзатай а. (2,3), Дихан а. (1,2), Сенкібай а. (0,7), Жақаш а. (1,1), Көкөзек а. (0,7), Қарасу а. (0,8), Абай а. (1,2), Ақтөбе а. (0,2), Жаңасаз а. (0,4), Тегістік а. (0,8), Сарыбарак а. (0,7), Шахан а. (0,9), Түймекент а. (7,3), Ақжар а. (1,3), Үлгілі а. (2,1), Мадимар а. (2,2), Асса а. (11,8), Рахат а. (0,5), Айшабибі а. (4,19), Қаратау а. (0,7), Қызылтаң а. (0,2), Бірлесу-Еңбек а. (1,4), Шоқай а. (0,8), Ақбұлым а. (2,8), Талас ст. (0,1), Бесағаш а. (3,0), Түркісіб а. (3,6), Гродеков а. (5,5), Қызылдіхан а. (0,7), Жалпақ-Төбе а. (9,5), Ернарар а. (1,7), Шайқорық а. (3,5), Бесжылдық а. (1,6), Қапал а. (0,6), Қоңыртөбе а. (0,5), Танты а. (0,3), Шайқорық ст. (0,5), Тастөбе а. (1,3), Еңбек а. (0,6), Жамбыл а. (0,5), Қолқайнар уч. (0,1), Қостөбе а. (0,4), Қаракемер а. (2,2), Құмтиын а. (0,8), Сенгірбай а. (0,1), Пригородное а. (5,5), Октябрь а. (0,3), Қызылқайнар а. (3,4), Жасөркен а. (1,9), Өрнек а. (2,3), Жұма ст. (0,3), Бектөбе а. (2,9), Бәйтерек а. (0,7), Қызылшарық а. (1,6), Пионер а. (1,3), Шайдана а. (0,9), Тоғызтарау а. (0,46), Жаңаөткел (0,3), Құмсуат а. (0,1).
16 Түркістан қ.	Кентау қ. (67,8), Қазақстанның 30 жылдығы а. (8,3), Бершінтөбе а. (1,0), Шаға а. (1,4), Шоқтас а. (0,2), Еңбекші дихан а. (2,4), Шойтөбе а. (0,6), Оранғай а. (5,4), Бостандық а. (1,5), Қосқорған а. (1,7), Қарашық а. (8,3), Құмтиын а. (1,8), Қаратөбе а. (0,1), Ескі Иқан а. (15,3), Шорнақ а. (3,5), Аша а. (4,1), Қосмезгіл а. (5,3), 32-разъезд а. (0,1), Теке а. (3,1), С. Қожанов а. (0,8), Нұртас а. (1,7), Жалаңтөс а. (0,3), Жүйнек а. (5,6), Шыпан а. (2,1), Шекербұлақ а. (1,7).
17 Өскемен қ.	Қасым Қайсенов к. (5,8), Меновное а. (5,0), Ахмиров а. (2,3), Ново-Ахмиров а. (2,1), Ново-Явленка а. (1,1), Прудхоз а. (0,3), Самсоновка а. (0,6), Глубокое к. (9,8), Белоусовка к. (9,4), Прогресс а. (1,6), Прапорщиково а. (3,4), Уваров а. (1,7), Черногорка а. (0,3), 226 км разъезі (0,3), Опытное поле а. (4,7), Бобровка а. (2,1), Солнечное а. (1,2), Ушанов а. (1,6), Степное а. (1,1), Каменный Карьер а. (0,3), Тарханка а. (1,8), Винное а. (1,4), Горная Ульбинка а. (0,1), Топиха а. (0,1), Новая Ульба а. (0,4), Веселое а. (0,06), Ульба перевалочная ст. (0,07), Феклистовка а. (0,3), Сағыр а. (1,9), Желдіюзек (Горняк) а. (0,3), Мамай батыр а. (Васильевка) (1,5), Айыртау а. (2,2), Алмасай а. (0,9), 17-километр а. (0,13), Саратовка а. (0,8), Ново-Одесское а. (0,7), Герасимовка а. (1,4), Украинка а. (0,6), Казачье а. (0,4), Мирное а. (0,05).
18 Орал қ.	Озерное а. (0,4), Дарьинское а. (5,6), Макаров а. (0,7), Мирное а. (0,1), Садовое а. (0,4), Факел а. (0,3), Мичурин а. (6,0), Жамбыл а. (0,6), Зеленое а. (0,4), Асан а. (1,5), Октябрьское а. (0,5), Белес а. (1,6), Трекино а. (2,9), Володарское а. (1,2), Новенькое а. (1,4), Махамбет а. (2,4), Горбунов а. (0,1), Щапов а. (1,6), Достық а. (4,5), Чувашинское а. (0,7), Ақсуат а. (1,2), Айтиев а. (0,2), Магистральное а. (0,6), Пойма а. (0,9), Подстепное а. (8,5), Лесопитомник а. (0,7), Токбай а. (0,4), Юбилейное а. (0,5), Новая Жизнь а. (3,4), Круглоозерный к. (4,9), Серебряково а. (1,5), Меловые горки а. (0,7), Маштаков а. (1,4), Желаетво а. (2,3).

Өңірлерді дамытудың
2020 жылға дейінгі мемлекеттік
бағдарламасына
4-қосымша

Электрмен, жылумен, газбен, сумен жабдықтау және су бұру желілері мен жылу жүйелерін дамыту тетіктері

1. Электрмен, жылумен, газбен жабдықтау желілері мен жылу жүйелерін қаржыландыру тетігі

Электрмен, жылумен, газбен жабдықтау жүйелерінің тозуын төмендету, сондай-ақ жылу өндіру қуаттарын жөндеу және ауыстыру проблемасын шешу үшін тұрғын үй-коммуналдық секторды жаңғырту (реконструкциялау және салу) жөніндегі шаралар кешені қабылдануда.

Ол үшін орталықтандырылған техникалық зерттеп-қарау жүргізіліп, жылумен жабдықтау жүйелерін дамытуға инвестициялар тарту орындылығының негіздемелері әзірленуде, сондай-ақ жобаларды іріктеу өлшемшарттары бойынша жобаларды өңірлерде іске асырудың басымдылығы айқындалатын болады. Жылумен, электрмен, газбен жабдықтау жүйелері мен жылу жүйелерін жаңғырту (реконструкциялау және салу) жөніндегі жобаларды қаржыландыруды басымдығына қарай іріктеу өлшемшарттары.

1. Әлеуметтік фактор

Халықтың сапалы коммуналдық қызметтермен қамтамасыз етілуі (халықтың санына байланысты), халық көп қамтылатын жоба қаржыландырылуда.

2. Заманауи энергия үнемдейтін материалдарды, жабдықтар мен технологияларды қолдану

Нұсқаларды салыстыру арқылы неғұрлым сапалы материалдарға басымдық беріледі. Көрсеткіштер бірдей болған жағдайда, қазақстандық тауар өндірушіге артықшылық беріледі.

3. Жылу көздері:

- 1) блокты-модульді қазандықтарды пайдалану;
- 2) өз ресурсы сарқылған қазандықтарды жаңа пайдалы әсер коэффициенті (бұдан әрі – ПӘК) жоғары қазандықтарға ауыстыру;
- 3) когенерациялық жүйелерді қолдану;
- 4) химиялық су дайындауды міндетті түрде енгізу;
- 5) қазандықтарға арналған құнарлылығы кемінде 4 мың Гкал көмір сатып алуды және жеткізуді пайдалану.

4. Жылумен жабдықтау желілері:

1) қолданыстағы жылу магистральдарының жылу құбырларын жедел диспетчерлік басқаруға арналған деректерді жинау және бақылау жүйелерімен жарақтандырылған тиімді жылу оқшаулау құбырларына ауыстыру;

2) құбыржолдың мақсаты (магистральдық, орамішілік).

5. Газбен жабдықтау желілері

Құбыржолдың мақсаты (магистральдық, орамішілік).

6. Электрмен жабдықтау желілері

АОС қолдану.

7. Мемлекеттік бағдарламада көзделген нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізу.

Жаңғыртылған желілердің ұзындығы индикаторын барынша ұлғайтатын жобаларға басымдық беріледі (желілердің тозу деңгейін төмендету).

8. Өтпелі жобаларды аяқтау.

Облыс бойынша бірінші кезекте ауыспалы жобалар қаржыландырылады.

9. Жоғарыда көрсетілген өлшемшарттарға сәйкес келген жағдайда, жоғары тұрған мемлекеттік органдардың тапсырмасы бойынша жобалар

Қазақстан Республикасы Мемлекет басшысының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмалары, Парламент депутаттарының сауалдары.

10. Жобаның құны

Жылумен жабдықтау секторын дамытудың негізгі мақсаттары:

1. Негізгі қорларды жаңғырту (жекелеген жылумен жабдықтау объектілерінің физикалық тозуы шекті деңгейден асқан);

2. Жеке капитал үшін саланы тартымды ету мақсатында инвестициялар қайтарымдылығының нарықтық тетіктерін жасау;

3. Технологиялар мен стандарттарды біріздендіру, бірыңғай техникалық саясатты қалыптастыру;

4. Тарифтік саясат, жылумен жабдықтауда шекті тарифтер қағидаттарын қолдану.

Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін мынадай іс-шаралар жүзеге асырылады:

1) нормативтік құқықтық және техникалық базаны жетілдіру;

2) жылумен жабдықтау секторының инвестициялық тартымдылығын арттыру. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік (бұдан әрі – МЖӘ) және жеке инвестицияларды ынталандыру мәселелерін пысықтау;

3) жылу энергиясына тариф белгілеу жүйесін жетілдіру. Жылумен жабдықтауға шекті тарифтерді енгізу жұмысы жалғасады. Жылумен жабдықтауға шекті тарифтерді енгізу, оның ішінде екі мөлшерлемелі тарифке көшу жұмысы жалғасатын болады. Барлық өңірлерде жылу энергиясына сараланған тарифтерді, оның ішінде тұтынушылар санаттарының (топтарының) өлшемшарттарын белгілеу;

4) жылумен жабдықтау секторында ресурсты үнемдеу технологияларын, энергиялық тиімді жабдықтарды және материалдарды (алдын ала оқшауланған құбырлар, жиілікпен реттелетін сорғылар және басқалары) пайдалану;

5) қазандықтардың пайдалы әсер коэффициентін 85 %-дан жоғарылату. Суды химиялық дайындау жабдығын қамтамасыз ету, ол қазандық агрегаттарының техникалық сипаттамаларын қанағаттандыратын тазартылған суды пайдалануға мүмкіндік береді;

6) бақылау-өлшеу жабдықтарын және деректерді жинақтаудың кең көлемді жүйесі мен жедел диспетчерлік басқаруды енгізу арқылы көрсетілетін қызметтер сапасын бақылауды қамтамасыз ету;

7) Қазақстан Республикасының қалалары мен елді мекендерінде жылумен жабдықтаудың ашық жүйесінен жабық жүйесіне кезең-кезеңмен өту.

Жергілікті атқарушы органдарды (бұдан әрі – ЖАО) халықаралық қаржы ұйымдарының қаражатын тартуға ынталандыру, сондай-ақ бюджет қаражатын тиімді пайдалану үшін 2016 жылдан бастап жобаларды бюджеттік субсидиялау тетігі арқылы нысаналы трансферттер есебінен қаржыландыру басталды.

Осы Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде жылу шығындарын қысқарту мақсатында көп пәтерлі тұрғын үйлерге терможаңғырту жүргізіп, "ТКШ ҚазОрталық" АҚ автоматтандырылған жылыту пункттерін, жылуды есептеу аспаптарын кең ауқымда орнату қажет, бұл нақты тұтынылған жылу энергиясын есептеуге өтуге мүмкіндік береді. Есепке алу аспаптарымен қамтамасыз етілмеген тұтынушылар үшін жылу энергиясын өңірлер бойынша тұтыну нормаларының негізінде нақтылау қажет.

Аталған іс-шаралар бюджет қаражатын жұмсау тиімділігін арттыруға, жылумен жабдықтау желілерінің 100 км-де техникалық бұзушылықтардың санын 200-ден 30-ға дейін азайтуға мүмкіндік береді.

"ТКШ ҚазОрталық" АҚ аспаппен жабдықтау және айқындау деңгейін жалпы үйдегі жылу, су және энергиямен жабдықтау өлшейтін қондырғыларды орнатуға қажеттілігі өңірлердің бойынша жұмыс жүргізді.

2018 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша жалпы үйдегі есепке алу аспаптары бойынша ең көп қамту Жамбыл және Солтүстік Қазақстан облыстарында – тиісінше 97 % және 90 %. Аспаппен ең аз қамту Алматы, Қызылорда, Павлодар, Шығыс Қазақстан, Түркістан және Маңғыстау облыстарында байқалады – 13 %-дан 27 %-ға дейін.

1-кесте. Өңірлер бөлінісінде аспаптармен жабдықтау мен қажеттіліктер бойынша деректер

Р/с №	Өңір	2018 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша		
		Орнатылды, бірл.	Қажеттілік, бірл.	Қамту, %
1	Ақмола облысы	1 343	5 070	21%
2	Ақтөбе облысы	1 420	1 040	58%
3	Алматы облысы	1 190	7 960	13%
4	Атырау облысы	496	96	84%
5	Шығыс Қазақстан облысы	1 734	6 527	21%
6	Жамбыл облысы	1 305	43	97%
7	Батыс Қазақстан облысы	715	3 200	18%
8	Қарағанды облысы	14 244	741	95%

9	Қостанай облысы	2 126	522	80%
10	Қызылорда облысы	408	1 939	17%
11	Маңғыстау облысы	1 720	4 717	27%
12	Павлодар облысы	1 816	8 588	17%
13	Солтүстік Қазақстан облысы	694	77	90%
14	Түркістан облысы	316	1 051	23%
15	Астана қ.	9 005	2 430	79%
16	Алматы қ.	10 385	15 108	41%
17	Шымкент қ.	1 633	2 989	35%
Барлығы		50 550	62 098	45%

2018 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша аспаптармен жабдықтау деңгейі республика бойынша 45 %-ды құрайды.

Жалпы республика бойынша 100% аспаптармен жабдықтауға 2025 жылға қарай қол жеткізілетін болады.

Өңірлерді аспаптармен 100 % жабдықтау үшін 62,1 мың бірлік ЖЕҚ орнату қажет.

2. Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту тетігі

Халықты сапалы ауыз сумен және су бұру қызметтерімен қамтамасыз ету өңірлердің негізгі даму факторларының бірі болып табылады.

Ауызсумен қамтамасыз етудің белгілі бір дәрежеде жақсарғанына қарамастан, бүгінгі таңда республикада әлі де тиісті сападағы сумен толық көлемде қамтамасыз етілмеген елді мекендер бар. Көптеген тазарту құрылыстары өзінің пайдалану ресурстарын сарқыған және жөндеуді талап етеді, басқалары – артық жүктемемен жұмыс істейді, бұл сарқынды суларды тазалау технологияларының жобалық деректеріне сәйкес келмеуіне әкеп соқтырады. Сумен жабдықтау және су бұру секторының инвестициялық қажеттілігі зор және проблемалар кешенімен сипатталады.

Осыған байланысты сумен жабдықтау және су бұру секторында елді мекендерде сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін пайдалану, жобалау, салу және реконструкциялау жөніндегі бірыңғай оператор құру мәселесі қаралатын болады.

Бюджетке түсетін жүктемені азайту үшін тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық (бұдан әрі – ТКШ) секторына МЖӘ енгізілетін болады.

Осындай міндет Мемлекет басшысының 2017 жылғы 31 қаңтардағы "Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік" Қазақстан халқына Жолдауында қойылған болатын.

ТКШ объектілерінің әлеуметтік және стратегиялық маңыздылығын, коммуналдық инфрақұрылым секторындағы МЖӘ дамытудың халықаралық тәжірибесі мен халықаралық қаржы институттарының ұсынымдарын ескере отырып, коммуналдық

инфрақұрылымды дамытудың барлық ықтимал тәуекелдері мен тәжірибені ескеріп, МЖӘ жобаларын біртіндеп, кезең-кезеңімен іске асыруға және ТКШ объектілерін сенімгерлік басқаруға беруге көшу ұсынылды.

Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде жерасты суларының әлеуетін барынша пайдалану үшін жоғары сапалы ауыз судың барынша қорғалған және сенімді көзі ретінде жерасты тұщы суларының кен орындарын шаруашылық айналымға тарту бойынша жұмыс жандандырылатын болады.

Геологиялық-барлау жұмыстарының талап етілетін көлемі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту мен жаңғырту бойынша талап етілетін жұмыс көлемін негізге ала отырып, жергілікті атқарушы органдар жерасты сулары бөлігінде жер қойнауын пайдалануды мемлекеттік басқару саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп, жыл сайын айқындайтын болады.

Сумен жабдықтаудың жерасты көздері жоқ жерлерде сумен жабдықтаудың жерүсті көздері пайдаланылады.

Су ресурстарын басқару саласындағы уәкілетті орган топтық су аққыларын салу және реконструкциялау жөніндегі іс-шараларды жүргізетін болады.

Мемлекет басшысының 2018 жылғы 10 қаңтардағы "Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері" атты Жолдауын іске асырудың Жалпыұлттық жоспарына сәйкес ауылдық сумен жабдықтауға жыл сайын барлық қаржыландыру көздерінен кемінде 100 млрд. теңге қаражат көзделеді.

Осыған байланысты жергілікті атқарушы органдар ауылдық сумен жабдықтау жүйелерін дамыту үшін жергілікті бюджеттен қаржыландыру көлемін ұлғайтуы қажет. Республикалық бюджетті қарастырған кезде қаражат басым тәртіппен орталықтандырылған сумен жабдықтауға қолжетімділігі төмен өңірлерге бөлінетін болады, бұл жергілікті бюджеттен бөлінген қаражаттың үлкен бөлігі.

Сондай-ақ ауылдық сумен жабдықтау секторында сумен жабдықтаудың жергілікті көздері барынша пайдаланылады, блоктық тазарту құрылыстары пайдаланылады, халық саны аз елді мекендерде үлгілік жобалар әзірленіп, кеңінен қолданылатын болады.

Тұрғындардың саны 200 адамнан аз және әлеуеті төмен елді мекендер су тазартудың блокты модульдерін немесе су бөлу пункттерін (кұбыр арқылы суды тасымалдамайтын орталықтандырылмаған сумен жабдықтау жүйесі) орнату жергілікті бюджеттен немесе жеке инвестицияларды тарту арқылы қамтамасыз етілуі тиіс.

Бюджет қаражатын тиімсіз және ұтымсыз пайдалану фактілеріне жол бермеу, алдағы кезеңде халықты ауыз сумен және су бұрумен қамтамасыз ету бойынша баламалы және үнемді шешімдерді іздеуді кеңейту мақсатында сумен жабдықтау және су бұру секторын дамыту мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылатын болады:

1) қалалық және ауылдық жерлерде сумен жабдықтау мен су бұрудың жаңа объектілерін салу және жұмыс істеп тұрғандарын реконструкциялау кезінде мынадай жүйелі тәсілді енгізу;

- коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті органның сумен жабдықтау және су бұру желілерін салуды және реконструкциялауды қажет ететін елді мекендердің алдын ала тізімін қалыптастыруы;

Қалалық елді мекендерде ЖАО сумен жабдықтау және су бұру жобаларын әзірлеу кезінде 53 қалалық сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің әзірленген инвестициялар негіздемелерін кеңінен қолдануы қажет (2011 – 2017 жылдар кезеңінде әзірленген).

Ауылдық елді мекендерде ЖАО әрбір ауыл бойынша кезектілік пен іске асыру мерзімдері көрсетілген Ауылдық елді мекендерде сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытудың 2025 жылға дейінгі кешенді жоспарларын әзірлеп, бекітуі қажет. Кешенді жоспар Мемлекеттік бағдарламаның басымдықтары негізінде құрылады: сумен жабдықтау және су бұру қызметтерімен халықтың барынша көп санын қамтамасыз ету, елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық әлеуеті, бекітілген жерасты су қорларының болуы. Алдын ала тізімді қалыптастыру және жобаларды іріктеу кезінде Кешенді жоспарларды басшылыққа алу қажет;

- ЖАО-ның жобалау-сметалық құжаттама (бұдан әрі – ЖСК) әзірлеу жоспарланып отырған объектілердің тізбесін Бағдарлама басымдықтарының деңгейлеріне сәйкес коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті органмен және су ресурстарын басқару саласындағы уәкілетті органмен келісуі;

- коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті органның сумен жабдықтау және су бұру жобаларының бірыңғай тізбесін қалыптастыруы;

Сумен жабдықтау және су бұру жобаларының алдын ала тізбесін қалыптастыруды коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті орган ЖАО-ның жоспарланған қаржы жылының алдындағы жылдың бірінші тоқсанында алдағы қаржы жылына арналған бюджеттік өтінімдерінің негізінде жүзеге асырады;

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ЖАО тарапынан міндетті қоса қаржыландыру ескерілуі тиіс.

2) сумен жабдықтау және су бұру су шаруашылығы секторының инвестициялық тартымдылығын арттыру және сумен жабдықтау мен су бұру объектілерін қаржыландыруға жеке капиталды барынша тарту.

ТКШ объектілерін салу, жаңғырту және реконструкциялау бойынша МЖӘ пилоттық жобаларын дайындаған және іске асырған кезде жаңа технологиялар енгізіледі. Жеке әріптестің инвестициялық және операциялық шығындарын толық немесе ішінара өтеу үшін тарифтердің жеткіліктілігі қамтамасыз етіледі;

3) сумен жабдықтау мен су бұру саласында нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық базаны жетілдіру, үлгілік жобаларды және үлгілік жобалық

шешімдерді әзірлеу, сумен жабдықтау мен су бұру жүйелерін құрудың және пайдаланудың бірыңғай техникалық саясатын енгізу, МЖӘ жобаларының үлгілік құжаттамасын әзірлеу;

4) халықты ауыз сумен қамтамасыз ету үшін жерасты суларының әлеуетін барынша пайдалану;

5) сумен жабдықтау мен су бұру жүйелерін жобалау сапасын арттыру және сумен жабдықтау мен су бұру саласында қазақстандық қамтуды дамыту;

6) саланы кадрлық қамтамасыз ету;

7) тиімділіктің соңғы негізгі көрсеткіштерін (KPI) қалыптастыра отырып, әкімдік пен табиғи монополия субъектісінің арасында қызметтер көрсету шарттарын енгізу. Көрсетілетін қызметтер кешенін басқаруға беру, оның ішінде МЖӘ тетігі бойынша басқару баламалы нұсқа болып табылады;

8) сарқынды суларды оқшау тазартуды қолдана отырып, су бұруды орталықсыздандыру. Су бұру кәсіпорындарында МЖӘ тетіктері бойынша МЖӘ пилоттық жобаларын (КТҚ салу және реконструкциялау) іске асыру.

Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту кезінде Мемлекеттік бағдарламаның міндеттерінде көрсетілген басымдықтар қабылданады.

Мынадай құжаттары бар жобаларды қаржыландыруға рұқсат етіледі:

1) электрондық және қағаз жеткізгіштерде ЖСҚ-ның болуы;

2) бекітілген сумен жабдықтау көздерінің болуын растау: мемлекеттік комиссияның хаттамасы, ашық көздер бойынша арнайы су пайдалану рұқсаты, магистральдық және топтық су тартқыштарға қосылуға арналған техникалық шарттар;

3) жоба ЖСҚ-сының ведомстводан тыс кешенді сараптамасының қорытындысы;

4) салалық мемлекеттік органның салалық сараптамасы;

5) түсіндірме жазба;

6) жобаны бекіту туралы бұйрық;

7) пайдаланушы кәсіпорынның болуы туралы кепілхат;

8) экономикалық орындылықты растау үшін алдын ала тарифтерді есептеу;

9) ауылдық елді мекендерде сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін салу бойынша тұрғындардың келісу хаттамасы;

10) суды тұтыну көлемін және сарқынды сулардың болжамды көлемін есептеу;

11) ауылдардағы су бұру жүйелері және қалалардағы сарқынды суларды тазарту қондырғылары бойынша ҒТК-мен техникалық шешімдерді келісу. Бұл үшін әкімдіктер салалық басқармаларда білікті сарапшыларды шақыра отырып ғылыми-техникалық кеңестер құруы қажет;

Басым бюджеттік инвестициялық жобаларды іріктеу мынадай өлшемшарттар бойынша жүзеге асырылатын болады:

1) пайдалану кезінде сенімділік, жөндеуге жарамдылық, техникалық және экономикалық тиімділік талаптарына сәйкес келетін заманауи материалдарды, жабдықтарды және технологияларды қолдану көзделген жобалар;

2) аяқталмаған (ауыспалы) сумен жабдықтау және су бұру жобалары.

Уақтылы пайдалануға беру, сумен жабдықтау және су бұру жобаларының қымбаттауын болдырмау мақсатында аяқталмаған (ауыспалы) жобаларды міндетті қаржыландыруды қамтамасыз ету қажет;

3) Мемлекет басшысының және Үкіметтің тапсырмалары бар қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамытудың кешенді жоспарларына енгізілген жобалар;

4) жаңа сумен жабдықтау жүйелерін салуға бағытталған жобалар;

5) қалалық сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің неғұрлым авариялық учаскелерін реконструкциялау және жаңғырту жөніндегі жобалар;

6) құрылыс құны кемінде 200 млн. теңге, өңірдің жергілікті проблемаларын шешуге бағытталған, жалпы өңір бойынша Мемлекеттік бағдарламада көзделген индикаторлар мен көрсеткіштерге қол жеткізуге елеулі әсер етпейтін жобалар жергілікті бюджеттердің есебінен қаржыландырылады.

Ауылдық елді мекендерді іріктеу кезінде ауылдық елді мекендер бойынша Сумен жабдықтаудың және су бұру жүйелерін дамытудың 2025 жылға дейінгі кешенді жоспарларын басшылыққа алған жөн.

Өңірлерді дамытудың
2020 жылға дейінгі мемлекеттік
бағдарламасына
5-қосымша

Тұрғын үй қорын жаңғырту тетігі

Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін күрделі жөндеу (бұдан әрі – жөндеу) ғана жүзеге асырылатын болады.

Терможаңғырту элементтерімен күрделі жөндеуді жүргізу нәтижесінде жылу тұтынуды 30 пайызға дейін үнемдеуге қол жеткізіледі.

Үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелерінің қайтаратын қаражаты есебінен жұмыстардың ең аз және ең көп түрлерінде көзделген күрделі жөндеу бойынша жұмыстар жүргізілетін болады.

Жалпы жиналыстарда тағайындалатын үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері қатарынан жауапты тұлғалармен келісім бойынша жылу тұтынуды реттеудің автоматтандырылған жүйесін міндетті түрде орната отырып, үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелерінің қайтаратын қаражаты есебінен ортақ мүлікті күрделі жөндеудің жекелеген түрлерін жүргізуге жол беріледі.

Ғимаратты (объектіні) күрделі жөндеу – қажет болған жағдайда конструкциялық элементтер мен инженерлік жабдық жүйелерін ауыстыра отырып, оның ресурсын

қалпына келтіру, сондай-ақ пайдалану көрсеткіштерін жақсарту мақсатында ғимаратты жөндеу.

Тұрғын ғимараттарды күрделі жөндеу ұйымдастыру-технологиялық жобалау құжаттамасына – жобаға (жұмыс жобасына), күрделі жөндеуді ұйымдастыру жобасына және жұмыстарды жүргізу жобаларына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

Үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері келісімдерінің және жөндеу жүргізу туралы шешім қабылдаған үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелерінің барлығы қол қойған шарттардың болуы көп пәтерлі тұрғын үйде жөндеу жүргізу үшін негіз қалаушы факторлардың бірі болып табылады.

Ортақ мүлікті күрделі жөндеу жұмыстары мыналарды көздейді:

1) жұмыстардың ең аз түрі – бұл жылу тұтынуды реттеудің автоматтандырылған жүйесін және үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптарын міндетті түрде орнатумен тұрғын үйдің шатырын, кіреберісін және жертөлесін жөндеу;

2) жұмыстардың ең көп түрі – бұл жылу тұтынуды реттеудің автоматтандырылған жүйесін және үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптарын міндетті түрде орнатумен шатырды, кіреберісті, жертөлени, қасбетті жөндеу, лифт жабдығын (болған жағдайда) жөндеу (ауыстыру).

Үйдің шатырын, қасбетін және кіреберісін жөндеу талап етілмеген жағдайда, жертөлени (инженерлік желілерді қоса алғанда), сондай-ақ лифт (болған жағдайда) жабдығын (ауыстыру) жөндеу жоғарыда баяндалғанға жатпайды.

Ғимаратты терможаңғырту жөніндегі кешенді жұмыстар кезінде тұтынылатын жылуды реттеудің автоматтандырылған жүйесі (орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған) және үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптары орнатылады, оларды қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүргізілетін болады.

Кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкіне жөндеу жүргізу тетігі республикалық бюджеттен жергілікті атқарушы органдар (бұдан әрі – ЖАО) бюджетіне нысаналы трансферттер бөлуді көздейді, олар жарғылық капиталына мемлекет қатысатын мамандандырылған уәкілетті ұйымдарды капиталдандыруға бағытталатын болады.

ЖАО мамандандырылған уәкілетті ұйымды ұстауды қаржыландыруды және жергілікті бюджет есебінен жөндеу жұмыстарының жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеуді қамтамасыз етеді.

Бұдан басқа, ЖАО қайтарымды негізде жергілікті бюджет есебінен лифт жабдығын жөндеуді (ауыстыруды) қаржыландыра алады.

Бұл ретте кондоминиум объектісін басқару органы, ЖАО және үй-жайлар (пәтерлер) иелері арасында лифт жабдығын жөндеуге (ауыстыруға) шарт жасалады.

Мамандандырылған уәкілетті ұйымды капиталдандыру үшін бюджеттік өтінімді қалыптастыру экономикалық сараптаманың қорытындысы мен кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін техникалық тексеру актілері қоса берілген қаржы-экономикалық негіздеменің (бұдан әрі – ҚЭН) негізінде жүргізіледі.

Кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін жөндеуге қаржы қаражатын бөлген кезде жеке өңірлердің ортақ тұрғын үй қорында күрделі жөндеу жүргізуді талап ететін көп пәтерлі тұрғын үйлердің үлесі ескерілетін болады.

ЖАО қажет болған кезде аталған тетікті жүзеге асыру үшін жергілікті бюджет қаражатын пайдаланады.

Кондоминиум объектісін басқару органы мен оператор (бас мердігер) болып табылатын мамандандырылған уәкілетті ұйым және үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері арасында кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін жөндеуге шарт жасалады.

Мамандандырылған уәкілетті ұйым қосалқы мердігерлерді тарту мүмкіндігімен ортақ мүлікке жөндеу жүргізеді.

Кондоминиум объектісін басқару органының екінші деңгейдегі банктерде (бұдан әрі – ЕДБ) әр кондоминиум объектісіне ашылған жинақ есепшоты болады.

Шартта белгіленген мерзім ішінде үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері ЕДБ-дегі жинақ есепшотына ай сайынғы жарналарды төлейді.

Жинақталған қаражат ЕДБ-дегі есепшоттан мамандандырылған уәкілетті ұйымға орындалған жұмыстар үшін бөліп ақы төлеу түрінде аударылады.

Мамандандырылған уәкілетті ұйым тұрғындар қайтарған соманы кондоминиумның басқа объектілерін жөндеуге жұмсайды.

Аталған тетікті іске асыру үшін оның қатысушылары мынадай іс-әрекеттерді орындайды.

ЖАО:

1) үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелерінің өтінімдері бойынша жөнделуі тиіс үйлердің тізбесін қалыптастырады;

2) лифт қондырғысына техникалық сараптама, техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды жүргізуді жүзеге асыратын арнайы сараптама ұйымның қорытындысы негізінде жөндеуге жататын лифт жабдығына түгендеу жүргізеді және тізбесін қалыптастырады;

3) тұрғын үй инспекцияларының тиісті актілерді беруімен кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне техникалық тексеру жүргізуді ұйымдастырады;

4) тұрғын үйге энергетикалық аудит жүргізуді ұйымдастырады;

5) мамандандырылған уәкілетті ұйымның жарғылық капиталын ұлғайту үшін ҚЭН әзірлейді;

6) ҚЭН-ге экономикалық сараптама жүргізуді қамтамасыз етеді;

7) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті органға растау құжаттарын қоса бере отырып, бюджеттік өтінімді жолдайды;

8) жөндеу жұмыстарының жүргізілу барысын бақылауды және үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелерінен орындалған жұмыстар үшін қаражаттың қайтарылуын мониторингтеуді қамтамасыз етеді;

9) аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін төлеуді ұйымдастырады;

10) кондоминиум объектілері басқару органдарымен және үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелерімен жөндеу жұмыстарын орындауға шарттар жасаған кезде үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелерінің 8-ден 15 жылға дейін (күрделі жөндеу жұмыстары түрлеріне байланысты) қаражатты қайтару мерзімін сақтауын қамтамасыз етеді;

11) Жалпы жиналыста тағайындалатын мамандандырылған уәкілетті ұйымдардың, мердігер ұйымның, кондоминиум объектісін басқару органдарының, тұрғын үй инспекциялары және (немесе) тиісті бюджеттік бағдарламаға жетекшілік ететін бөлімдердің басшыларынан, сондай-ақ техникалық қадағалаудың (үй-жайлардың (пәтерлер) меншік иелерімен келісе отырып, авторлық қадағалау, мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органдары, жөнделетін объектілердің үй-жайлардың (пәтерлер) меншік иелері қатарынан жауапты тұлғалар (кемінде жеті адам) қатарынан қабылдау комиссиясын қалыптастырады.

Бұл ретте, қаражатты қайтару кестелерін жасау қажет, одан әрі оларды жөндеу үшін пайдалануды болжауға мүмкіндік береді.

Мамандандырылған уәкілетті ұйым:

1) кондоминиум объектілерін басқару органдарымен және үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелерімен жөндеу жұмыстарын орындауға шарт жасасуды;

2) шартқа сәйкес жөндеу жұмыстарын орындауды;

3) қажет болғанда қосалқы мердігер ұйымдармен шарттар жасасуды;

4) жөндеу жұмыстарын жүргізу барысында жіберілген кемшіліктерді жою;

5) үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелерінен – шартқа қатысушылардан берешектерді сот тәртібімен өндіріп алуды ұйымдастыруды;

6) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін жөндеуге жобалау-сметалық құжаттаманы (бұдан әрі – ЖСҚ) және шығыстар сметасын әзірлеуді қамтамасыз етуді және оны үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелерімен келісуді жүзеге асырады.

Кондоминиум объектісін басқару органы:

1) кондоминиум объектісін тіркеуді жүзеге асырады;

2) екінші деңгейдегі банктерде кондоминиум объектісіне ағымдағы және жинақ есепшоттарының ашылуын қамтамасыз етеді;

3) мамандандырылған уәкілетті ұйым әзірлеген ЖСҚ, шығыстар сметасының, ақаулар ведомостерінің келісілуін ұйымдастырады;

4) мамандандырылған уәкілетті ұйыммен жасалған шартқа қол қоюды қамтамасыз етеді;

5) орындалған жұмыстарды қабылдауға қатысады;

б) жалпы жиналыстың шешімін орындаудан бас тартқан және шартқа қатыспайтын үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелерінен берешекті өндіріп алу туралы талап арыз беруді жүзеге асырады.

Үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелерінің жалпы жиналысы:

1) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне жөндеу жүргізу туралы шешім қабылдайды;

2) қосалқы мердігер ұйымды таңдауды келісуді жүзеге асырады (оны тарту қажет болған кезде);

3) ЖСҚ немесе кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін жөндеуге шығыстар сметасын келіседі;

4) әрбір пәтерге (үй-жайға) жүктелетін кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін жөндеуге жұмсалатын шығыстар сомасын бекітеді, ол жеке (бөлек) меншіктегі тұрғын және (немесе) тұрғын емес алаңдардың пайдалы алаңының осы кондоминиум объектісіндегі үй-жайлардың барлық тұрғын және тұрғын емес алаңдарының пайдалы алаңдарының жиынына қатынасы бойынша айқындалады;

5) орындалған жұмыстарды қабылдауға қатысу үшін үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелерінің қатарынан жауапты тұлғаларды таңдауды жүзеге асырады.

Орындалған жұмысты қабылдауға мамандандырылған уәкілетті ұйымдардың, мердігер ұйымдардың, кондоминиум объектісін басқару органдарының, тұрғын үй инспекцияларының және (немесе) тиісті бюджеттік бағдарламаға жетекшілік ететін бөлімдердің басшылары, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау, сондай-ақ техникалық қадағалау (үй-жайлар (пәтер) меншік иелерінің келісімімен авторлық қадағалау) бойынша мемлекеттік инспектор, мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органдарының басшылары, жөнделетін объектілердің үй-жайлар (пәтер) меншік иелерінің қатарынан жалпы жиналыста тағайындалатын жауапты адамдар (жеті адамнан кем емес) қатысады.

Сондай-ақ, 2014 жылдан бастап ЖАО-ға кейін жөндеу жұмыстары жүргізілетін үйлерде энергетикалық аудит жүргізуге трансферттер бөлінеді.

Кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін жөндеу аяқталып, жылу маусымы өткеннен кейін жергілікті атқарушы органдар осы жөндеудің энергия тиімділігін бағалау үшін қайтадан энергетикалық аудит жүргізеді.

Кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін жөндеу жөніндегі жобаларды іске асыру сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтік құжаттарға сәйкес жүргізілуі тиіс.

Секторды технологиялық дамыту үшін кемінде 5-10 жылда бір рет барлық нормативтік-техникалық құжаттаманы қайта қарау қажет, бұл осы саладағы қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттарды қайта қарауды, бекітуді және жаңаларын әзірлеуді білдіреді.

Аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) жергілікті бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 қаулысымен бекітілген Тұрғын үй көмегін көрсету ережесіне сәйкес тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп ұстауға жұмсалатын шығындарды төлеу үшін тұрғын үй көмегі көрсетіледі.

Пәтерлердің (үй-жайлардың) меншік иелерін тұрғын үй қорын термोजаңғырту процесіне тарту мақсатында халық арасында энергия үнемдеуді насихаттау шараларын жүргізу қажет. Халықтың кең ауқымына, кондоминиум объектілерін басқару органдарына, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық (бұдан әрі – ТКШ) мамандарына және білім алатын жастарға энергия үнемдеу саясатын насихаттау бойынша қызметтер көрсетілетін болады. Энергия үнемдеуді насихаттау жөніндегі іс-шаралармен қамтылған қала халқының үлесі іс-шараларды жүргізу нәтижесінде жыл сайын ұлғаятын болады.

Халық арасында энергия үнемдеуді насихаттау Мемлекеттік бағдарламаны табысты іске асырудың негізі болып табылады және мынадай негізгі іс-шараларды қамтиды: ағартушылық және арнайы әдебиетті тираждау және тарату, өңірлік семинарлар, көрмелер және конференциялар ұйымдастыру, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қоғамдық акциялар мен жарнамалық науқандар өткізу.

Саланы кадрлық қамтамасыз ету шеңберінде практикалық оқыту үлесін ұлғайту, ТКШ саласы үшін ғылыми кадрлар даярлау, ТКШ саласы мамандарының біліктілігі мен құзыретін арттыру жүйесін дамыту арқылы жоғары, техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарында кадрлар даярлау жүйесін жетілдіру қажет.

Нәтижесінде көп пәтерлі тұрғын үйге өзінің жекеменшік тұрғын үйі ретінде қарау және энергия үнемдеу көзқарасы қалыптастырылуы тиіс, жалпы осы іс-шаралардың барлығы тиімді меншік иесін қалыптастыруға және үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелерінің энергияны тұтынуын төмендетуге бағытталатын болады.

Термोजаңғырту, бірінші кезекте, осы қалалар халқының қолайлы өмір сүру жағдайларын қамтамасыз етуге бағытталады.

Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде күрделі жөндеуді қажет ететін көп пәтерлі тұрғын үйлер көрсеткіштерін үнемі мониторингтеу жүзеге асырылады, мұнда жергілікті атқарушы органдар респонденттер ретінде болуы мүмкін, ал кейін респонденттер ретінде кондоминиум объектісін басқару органдарын және сервистік қызмет субъектілерін тарту шаралары қаралатын болады.

Бұрын 2011 – 2012 жылдары Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі оператордың бірі әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар (бұдан әрі – ӘКК) болып табылған. Үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелерінің қайтарымды қаражатын жинау әлі де жүзеге асырылатын ӘКК рөлін ескере отырып, жөндеу жүргізу үшін

ӘЖК-ге қайтарылатын ақша қаражатын пайдалану бойынша жұмысты жалғастыру, сондай-ақ осы қаражатты мамандандырылған уәкілетті ұйымдар арқылы тікелей пайдалану тетіктерін қарау қажет.

Перспективада мамандандырылған уәкілетті ұйымның рөлін кәсіпкерлік құрылымдар, ал оларды қаржыландыруды мамандандырылған қаржы институттары (агенттіктер) және ЕДБ өзіне алады.

Өңірлерді дамытудың
2020 жылға дейінгі мемлекеттік
бағдарламасына
6-қосымша

"Жергілікті өзін-өзі басқаруды қаржылай қолдау" басымдығы бойынша Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру кезінде қаржыландырудың және қатысушылардың өзара іс-қимыл жасауының тетігі

1. Қаржыландыру лимитін бөлу:

1) аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімі әрбір ауылдық округке қаржыландыру лимитін әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті жоғары және орташа әр ауылдық округте, сондай-ақ ауылдық округтің құрамына кірмейтін ауылда, кентте тұратын халықтың санына байланысты жеткізеді.

Бұл ретте аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімі қаржыландыру лимитін бөлген кезде ауылдық округтің құрамына кірмейтін даму әлеуеті төмен ауылдар мен кенттерді алып тастайды және оны ауылдық округтерге, әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті жоғары және орташа ауылдық округтің құрамына кірмейтін ауылдар мен кенттерге қайта бөледі;

2) ауыл, кент, ауылдық округ әкімдері барлық ауылдарға, кенттерге және ауылдық округтерге есептелген қаражат көлемін жергілікті қоғамдастық жиналысының шешіміне сәйкес бөледі.

2. Іріктеу рәсімі:

1) жергілікті қоғамдастықтың жиналысында аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімі жеткізген қаражат көлемі шеңберінде іс-шаралар айқындалады және жергілікті қоғамдастық жиналысының шешімімен ресімделеді;

2) мақұлданған іс-шаралар бойынша ұсыныс (жергілікті қоғамдастық жиналысының шешімі) ауылдық округтің әкіміне, сондай-ақ ауылдық округтің құрамына кірмейтін ауылдың және кенттің әкімдеріне түседі;

3) ауылдық округтің әкімі, сондай-ақ ауылдық округтің құрамына кірмейтін ауылдың және кенттің әкімдері мақұлданған іс-шаралар бойынша тізбені (жергілікті қоғамдастық жиналысының шешімін) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес әзірленген құжаттармен қоса аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігіне жібереді;

4) аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігі іс-шаралар бойынша ұсынылған құжаттарды қарайды және олар бойынша қорытынды қалыптастырады;

5) аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігі іс-шараларға берілген қорытындылардың нәтижесін ауылдық округтердің, сондай-ақ ауылдық округтің құрамына кірмейтін ауылдар мен кенттердің әкімдеріне жібереді.

Ауылдық округтердің, сондай-ақ ауылдық округтердің құрамына кірмейтін ауылдардың, кенттердің әкімдері жергілікті қоғамдастықтың жиналыстарында қолдау көрсетілген және қолдау көрсетілмеген іс-шаралар туралы ақпаратты жеткізеді.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2018 жылғы 16 қарашадағы
№ 767 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 маусымдағы № 728 қаулысы.
2. "Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 маусымдағы № 728 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 22 қаңтардағы № 15 қаулысы.
3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 5 ақпандағы №42 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 9-тармағы;
4. "Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 маусымдағы № 728 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 24 сәуірдегі № 284 қаулысы.
5. "Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 маусымдағы № 728 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 451 қаулысы.
6. Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 маусымдағы № 728 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 30 шілдедегі № 449 қаулысы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК